Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 5 (1060)

11.02.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ТҮЙТКІЛ

АТАҚ ТА САТЫЛАДЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ОТЫЗ ЖЫЛДА ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖЕЛІНДЕГЕНІ СОНДАЙ, ОНЫҢ ӨСІМІ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ЖЕТТІ. ҚЫЗМЕТТІК САТЫДА ҚОЛЫ БҰЛҒАНБАҒАН ШЕНЕУНІКТІ ТАБУ ДЕГЕН ШӨП АРАСЫНАН ИНЕ ІЗДЕГЕНМЕН БІРДЕЙ. АРЫ ДА, ҚОЛЫ ДА ТАЗАЛАР БАР БОЛСА, БІРЕН САРАН ШЫҒАР. ЖОҒАРЫ ЭШАЛОННАН БАСТАП ҚЫЛ АЯҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БИЛІККЕ ДЕЙІН ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСҚАНДАР БІР-БІРІМЕН САБАҚТАСЫП ЖАТЫР.

Алматы облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы департаментімен өткен жылдың қорытындысына зер салсақ, 166 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 102-сі сотталған. Бұл мәліметті департамент басшысының орынбасары Facebook желісінде өткен «AntikorLIVE» жобасының тікелей эфирінде айтты. Пара жүрген жерде пәле жүретін болды. «Денсаулық», «Білім» жүйесіндегі жүгенсіздіктер – білім басшылары мен мұғалімдердің қадір қасиетіне кір келтіруде. Атақ абыройды сатып алу білім дәрежесін көтере алмайтыны айдан анық. Бірақ бүгінгі қоғамда бақталастық та бәсекеге түсіп тұр. Оған да көз жеткізу қиын емес. Жыл аяғы болғанда аспаннан жауған ұлтарақтай кеуделерін темір-терсекке толтырғандар арасында кімдер жоқ дейсіз. Сол марапатқа, атаққа лайықты жан болса құба-құп. Кешегі кеңестік дәуірде марапатты нағыз Еңбек ерлері мен Мемлекет, Қоғам қайраткерлері ілуде бір алып жататын. Олар жылма-жыл алмайтын. Тәуелсіздік алғалы отыз жылда елге жыртыс таратқандай үлестірілген темір-терсектерде есеп жоқ. Оның сыртында қоғамдық қорлардың да неше түрлі атақ-дәрежелері мен төс белгілері бар. Олар мемлекеттік марапатқа жатпайды. Алайда, қызып тұрған сауда білім саласында саңырауқұлақтай қаулап тұр. Фейсбук әлеуметтік желісіндегі білікті ұстаз, мектеп басшысы астаналық Аятжан Ахметжанұлының «Шындықтан қаша алмайсың» парақшасына зер салыңыз. Ұстаздарға арналған төс белгілер мен атақ-дәреженің құны қанша тұратынын көруге болады.

«Ғасыр ұстазы» - 13 мың,

«Алаш ұстазы» - 10 мың,

«Ұлт ұстазы» - 5 мың теңге. Ұлағатты ұстаз атану бұдан сәл қымбаттау, оның құны 20 мың теңге. Ұстаздан ұят кетсе, ұлтта ар болмайды. Иә, өз басым Ғасыр ұстазы, Ұлт ұстазы, Алаш ұстазы, Ұлы дала ұстазы деген медальдарды сату немесе сатып алу түгілі сыйлыққа берсе, тағуға намыстанар едім. «Ұлт ұстазы» деген атты тек А. Байтұрсынұлына қолданып жүрміз. Ал олар істеген тірліктерінің жүзден бірін тындырмай, сол деңгейдегі атақты медаль етіп сатып алып, арсыздықтың шыңына шықты», – дейді Аятжан Ахметжанұлы. Бұған менің де алып қосарым жоқ. Ғасыр ұстазы болу үшін ғаламат іс тындыру керек. Алаш ұстазы болуда ауыр бейнетпен келеді. Ұлт ұстазы деген атаққа жетуді мұғалім өзі сатып алмауы қажет.

Жалғасы 4-бетте

АҚПАРАТ

ТАРАЗЫ 5-стр.



АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫНА ЖАЛАҚЫНЫҢ ӘСЕРІ

АЙТАРЫМ БАР 7-бет

ЖАҢАРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

ТУРИЗМ 10-бет

ПЕРЕЛЕТЫ ДЛЯ ДЕТЕЙ ПО КАЗАХСТАНУ СТАЛИ БЕСПЛАТНЫМИ

МЕДИЦИНА 13-бет

ДӘРІГЕР МЕРЕЙІ АРТҚАН КҮН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МӘСЛИХАТ

КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ, ӘРІ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЖАНБОЛАТ ЖӨРГЕНБАЕВ ӨТКЕН АПТАДА ӨҢІРГЕ ҚАРАСТЫ АУДАНДАРДА БОЛЫП, КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТКІЗДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАДЫ.

Панфилов аудандық әкімдігінде өткен қоғамдық қабылдау барысында азаматтар орта мектеп құрылысы, ауыз су жүйесін қайта жаңғырту, газдандыру, инженерлік-коммуникация жүйелерін тарту, жұмыспен қамту, жатақхана мәселесі, жайылым жер, көше атауын беру мәселелері туралы сөз болды. Барлық сұрақ бойынша Жанболат Әкебайұлы нақты жауап беріп, айтылған мәселелердің жіті назарға алынатынын айтты.

Осы бағыттағы көшпелі қоғамдық қабылдаулар Ұйғыр, Кеген, Райымбек, Еңбекшіқазақ, Іле аудандарында да өтті.

Еңбекшіқазақ ауданының Шелек ауылында өткен қоғамдық қабылдауда азаматтардың мәселелері мәслихат хатшысы және депутаттармен бірлесе қаралды.

Жиында білім нысандарына күрделі жөндеу, ауыз су құбырларын жөндеу, дәрігерлік амбулатория салу, ауыл мәртебесін беру, арналарды тазалау, тозған электр желілері мен бағаналарын жөндеу және жарық жүйесін балансқа беру мәселелері көтерілді.

Бұл тұрғыда Жанболат Жөргенбаев кейбір мәселелерге жоба-сметалық құжаттамалардың қарастырылғанын, ал облыс деңгейінде шешілуі тиіс сұрақтарды өз бақылауына алатынын жеткізді. Сондай-ақ, көшпелі қоғамдық қабылдау алдағы уақытта дәстүрлі түрде жалғасатынын да тілге тиек етті.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТӘЖІРИБЕ

Орыс сыныптарында балалармен ойын жаттығуларын жиі жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын айта білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

ТІЛДІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Оқыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқыту әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқытудың жалпы мақсаттарымен және міндеттерімен анықталады. Оқыту процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқыту әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Күн тәртібіндегі келелі мәселе орыс тілді оқушылардың қазақ тілінде сөздік қорын дамыту тәсілдері жайлы болмақ. Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Ал бұл сөздік қорды дамытпайынша іске аспайтын тілдік күрделі үдеріс екені мәлім. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті – сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны ауызекі сөйлеу тілінде, жазба тілде дұрыс қолдану. Сөздік қордың бай болуы – маңызды мәселе. Сөздік қорды дамытудың тәжірибеде қолданып жүрген түрлі әдіс-тәсілдердің тиімділігіне тоқталатын болсақ, біріншіден, түсіндіру әдісі – жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады. Екіншіден, көрнекілік әдісі, сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Бастауыш сыныптарда түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық талғамда, ірі екі немесе үш түстен болуы керек.

Ы. Алтынсарин натуральды әдіс деп көрсеткен бұл әдіс туралы: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Бұл әдіс әдетте сөздік қорды дамытуда бастауыш сыныптарда қолданады. Келесі әдістің бірі де бірегейі сызбалар әдісі. Түрлі тірек кестелермен сөздерді, сөз тіркестерін үйретуге болады. Әсіресе, бастауыш сыныптарда сурет бойынша сөйлемдер құруға болады. Мысалы: жыл мезгілдері, жемістер, азық-түліктер, жануарлар тақырыптары бойынша қысқаша әңгіме немесе тірек сөздер беру арқылы сөйлем құрастырады. Мұнда өтілген материалдармен байланыстырып және оқушылардың өздері ізденетіндей етіп тапсырма беріледі. Мысалы, өтілген материалдар бойынша тест сұрақтарын құрастыру немесе тек сұрақтар әзірлеу.

Ойын элементтерін қолдану арқылы ойлау қабілеттерін жетілдіреміз десек те, оның да тәрбиелік, дамытушылық ықпалы зор болуы шарт. Соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Дидактикалық ойын баланың жас ерекшелігіне сай бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырма мәнін ашу керек. Дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындалуы тез әрі жеңіл болуы шарт. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ, балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді. Ойынның міндеті баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында орындалады. Дидактикалық ойынды тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ойнаған кезде материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы өте зор.

Халқымыз ойынды тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, адамдар еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Баланы ойынға қызықтыра отырып, оқу-іс әрекеті кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру. Баланы өжеттілікке, шапшаңдылыққа, ептілікке, батылдыққа, байсалдыққа, тапқырлыққа үйретеді.

Гүлшаһар ДӘУЛЕТХАН,
Талдықорған қаласындағы №7 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

МЕКТЕБІНДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

«ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ОТЫН ЖАҚҚАН ШЫРАҚШЫ»

атты дөңгелек үстел өтті

Биыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көркемсөз шебері, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

Ахмет Байтұрсынұлы туған халқының тарихында аса құрметпен аталатын ірі тұлғаның бірі, қазақ елінің мақтанышы, алып тұлға, ұлт көсемі. Халқы ардақтаған Ахмет Байтұрсынов – ұлы реформатор ғалым болды. Халыққа оқыңыз немесе білім бізге қажет деп түсіндірген жалаң үгітші емес, қазақ арасында ағартушылық жұмыстарын, мектеп ісін жолға қоюға көп күш салған, ұстаздық құрған ғұлама ғалым. Қазақ тілінің тоғыз дауысты және он тоғыз дауыссыздан тұратын дыбыс жүйесін негізге алып қазақ әліпбиін жасады. Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген тұлға.

Халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы, ұлы тұлғаның мерейтойына байланысты Талдықорған қаласы №2 орта мектебінде «Ұлылықтың отын жаққан шырақшы» атты қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері С.Әбішева, М.Зейнелхан, А.Кабидулданова, О.Нұрғалиева ұйымдастырған әдеби-шығармашылық дөңгелек үстел өтті. Шараға ұстаздар мен 10 сынып оқушылары қатысты.

Жүйрік ойлы оқушыларымыз патша заманында өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған Ахмет Байтұрсыновтың шырғалаң өмір жолы, аударма шылық еңбегі жайлы ойтолғау және пікір жарысын ортаға салды. Шараға қатысушы әр оқушы өз ойын тұжырымды, айқын әрі шебер жеткізе білді. Әр жеткіншектің білімді әрі парасатты ой ұшқырлығы, ораторлық ірімдері дөңгелек үстелге қатысушы ұстаздарды қуантты.

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты тарих ұмытпайтын ұлы іс. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Ендігі тілек бүгінгі ұрпақтың, кейінгі толқынның атабаба басынан өткізген зұламатты көрмей, тәуелсіз Қазақстанның ұлтжанды азаматы болып еркін өсуі.

Әсем МЫРЗАҒҰЛОВА,
№2 орта мектеп қазақ
тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ТОКАЕВ ПРОВЕЛ ПЕРЕГОВОРЫ В ПЕКИНЕ

ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ПРОВЕЛ ПЕРЕГОВОРЫ С ПРЕДСЕДАТЕЛЕМ КНР СИ ЦЗИНЬПИНОМ, ПЕРЕДАЕТ АКОРДА.

В Пекине в Доме народных собраний состоялись переговоры Президента К.Ж Токаева с Председателем Китайской Народной Республики Си Цзиньпином. На встрече, которая прошла в атмосфере дружбы и взаимного доверия, лидеры обсудили широкий спектр вопросов всестороннего казахско-китайского стратегического партнерства, в том числе в политической, торгово-экономической, транзитно-транспортной и культурно-гуманитарной сферах. Главы государств обменялись мнениями по международной ситуации. Приветствуя китайского лидера, Касым-Жомарт Токаев отметил великолепную организацию церемонии открытия зимней Олимпиады.

«Олимпийские игры в Пекине проходят в ответственный момент для всего человечества. Они посылают мощный сигнал к обновлению и преодолению вызовов пандемии. Именно поэтому я с удовольствием принял Ваше любезное приглашение», — сказал Глава нашего государства.

Касым-Жомарт Токаев поблагодарил Си Цзиньпина за твердую дружественную поддержку его усилий по стабилизации обстановки в стране, а также готовность оказать Казахстану необходимую помощь и содействие в строительстве Нового Казахстана.

Кроме того, Глава государства дал высокую оценку успехам Китая в развитии экономики под умелым руководством Си Цзиньпина. Говоря о развитии казахско-китайских отношений за 30 лет со дня установления дипломатических отношений, Президент отметил, что обе страны совместными усилиями выстроили крепкий фундамент подлинно стратегического партнерства во всех сферах. По его мнению, это сотрудничество является вечным, всесторонним и неподвластно политической конъюнктуре.

Лидер Казахстана заявил, что сегодняшние переговоры дают хорошую возможность заявить о совместной нацеленности на переход к качественно новому этапу в истории двусторонних отношений. Подчеркнув готовность к тесному сотрудничеству для достижения новых успехов в деле углубления казахско-китайских отношений дружбы, добрососедства и взаимоуважения, Касым-Жомарт Токаев пригласил Си Цзиньпина совершить государственный визит в Казахстан в сентябре текущего года. Как убежден Касым-Жомарт Токаев, визит Председателя КНР придаст серьезный импульс стратегическому партнерству между двумя странами. Особый акцент в ходе переговоров был сделан на совместных усилиях по наращиванию торгово-экономических связей. Президент отметил, что несмотря на пандемию двусторонний товарооборот по итогам 2021 года вырос на 15,2%, составив 18,2 млрд долларов. На долю нашей страны приходится половина общей торговли между Китаем и пятью странами Центральной Азии.

Наряду с этим Касым-Жомарт Токаев назвал приоритетной задачу по дальнейшей реализации инициативы «Пояса и Пути». Глава государства подтвердил заинтересованность нашей страны в сотрудничестве в сферах цифровых технологий, транспорта и логистики.

В ходе переговоров также были затронуты перспективы укрепления взаимодействия в области туризма и культурно-гуманитарных связей, в том числе вопрос открытия китайского культурного центра в Казахстане.

Председатель КНР поблагодарил Касым-Жомарта Токаева за поддержку принципа «одного Китая», выразив настрой на дальнейшее развитие всестороннего стратегического партнерства. Си Цзиньпин подчеркнул, что данная встреча открывает новое золотое 30-летие отношений между Казахстаном и КНР. Председатель КНР отметил успешное сотрудничество по реализации инициативы «Пояса и Пути» за 9-летний период. Он также акцентировал внимание на перспективах взаимодействия в сельском хозяйстве, зеленой энергетике, в сферах искусственного интеллекта, финансов и электронной торговли.

Лидер Китая высказал мнение, что под мудрым и сильным руководством Касым-Жомарта Токаева Казахстан построит мощное и процветающее государство. Он высоко оценил деятельность СВМДА и его инициативы по обеспечению региональной безопасности.

В завершение Си Цзиньпин принял приглашение Президента посетить Казахстан, заявив о планах совершить государственный визит в нашу страны предстоящей осенью. Он также выразил готовность поддерживать регулярные контакты с Касым-Жомартом Токаевым.

КАМЕРЫ «СЕРГЕК»

ПОРУЧИЛ УВЕЛИЧИТЬ КОЛИЧЕСТВО КАМЕР В АЛМАТЫ

Президент Касым-Жомарт Токаев поручил увеличить количество камер «Сергек» в Алматы, передает Tengrinews.kz со ссылкой на сайт Акорды.

Глава государства в ходе совещания по вопросам противодействия коррупции подчеркнул, что «Сергек» укрепил водительскую дисциплину на дорогах и исключил человеческий фактор в фиксации дорожных нарушений.

«Эти камеры, которые мы сейчас поставили во многих крупных городах, играют очень положительную роль. Надо увеличить их количество. Я дал поручение по Алматы, где более 500 камер были специально выведены из строя бандитами во время известных событий. Нужно не только восстановить, но и увеличить количество камер. Дело не в том, что мы собираемся установить какой-то тотальный мониторинг или слежение за действиями наших граждан. Это вопрос их безопасности», — сказал Президент.

Также в ходе совещания Касым-Жомарт Токаев заявил о необходимости при назначении высоких должностных лиц обязательно требовать заключение, предоставленное Антикоррупционной службой. Ранее сообщалось, что в Алматы во время беспорядков были уничтожены или повреждены камеры видеонаблюдения на сумму почти 500 миллионов тенге.

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР

ЦЕНЫ НА СЫРОЙ И ТОВАРНЫЙ ГАЗ

БУДУТ ЗАМОРОЖЕНЫ ДО 1 ЯНВАРЯ 2024 ГОДА

В Казахстане увеличат производство социально значимых продовольственных товаров. Об этом заявил Премьер-Министр РК Алихан Смаилов на расширенном заседании Правительства с участием Главы государства, передает корреспондент МИА «Казинформ».



«По направлению “Обеспечение макроэкономической стабильности” Правительство сконцентрируется на реализации Комплекса мер по контролю и снижению инфляции, совершенствовании тарифной политики, обеспечении финансовой дисциплины и прозрачности», — сказал Алихан Смаилов.

Глава Кабмина отметил, что будет увеличено производство социально значимых продовольственных товаров для насыщения внутреннего рынка и недопущения их дефицита. Также будет реализован первый этап создания Национальной товаропроводящей системы.

«Внутренний рынок будет обеспечен сжиженным нефтяным газом дополнительно в объеме 150 тыс. тонн. Цены на сырой и товарный газ будут зафиксированы до 1 января 2024 года на уровне декабря прошлого года», — добавил Алихан Смаилов.

УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА

ВНЕСЕНО ИСКЛЮЧЕНИЕ В МОРАТОРИЙ НА ПРОВЕРКИ БИЗНЕСА

ПРЕЗИДЕНТ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ СВОИМ УКАЗОМ РАЗРЕШИЛ ПРОВЕРКИ УЧАСТНИКОВ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК, В ДЕЙСТВИЯХ КОТОРЫХ УСМАТРИВАЮТСЯ ПРИЗНАКИ КАРТЕЛЯ, ПЕРЕДАЕТ NUR.KZ.

Глава государства 31 января подписал указ за № 798 «О внесении дополнения в Указ Президента РК от 26 декабря 2019 года № 229 “О введении моратория на проведение проверок и профилактического контроля и надзора с посещением в РК”.

«Постановляю: 1. Внести в Указ Президента РК от 26 декабря 2019 года № 229 “О введении моратория на проведение проверок и профилактического контроля и надзора с посещением в РК” следующее дополнение: пункт 1 дополнить подпунктом 13) следующего содержания: “13) проверок соблюдения требований законодательства РК в области защиты конкуренции в отношении участников государственных закупок, в действиях которых усматриваются признаки картеля”, — указывается в документе.

Напомним, 26 декабря 2019 года президент подписал указ о введении моратория на проведение проверок и профилактического контроля и надзора.

В тексте документа говорилось о том, что в целях улучшения условий для развития малого предпринимательства, в том числе микропредпринимательства, центральным государственным и местным исполнительным органам необходимо прекратить с 1 января 2020 года до 1 января 2023 года проверки и профилактический контроль и надзор с посещением субъектов малого предпринимательства, в том числе субъектов микропредпринимательства за исключением:

проверок, направленных на предотвращение или устранение нарушений, которые потенциально несут массовую угрозу жизни и здоровью населения, окружающей среде, законности и общественному порядку;

прямую или непосредственную угрозу конституционному строю и национальной безопасности, а также проводимых по основаниям, предусмотренным законом от 4 июля 2003 года «О государственном регулировании, контроле и надзоре финансового рынка и финансовых организаций»;

проверок в соответствии с подпунктом 1) настоящего пункта в случаях, когда для выявления причин возникновения фактов нарушения требований, установленных законодательством РК, недостаточно проведения одной внеплановой проверки по конкретному факту в отношении конкретного субъекта (объекта) контроля и надзора и требуются контроль и надзор в отношении иных субъектов, связанных с данным конкретным фактом;

проверок и профилактического контроля с посещением, проводимых на основании обращений субъектов предпринимательства в отношении собственной деятельности, в том числе по заявлению на получение разрешения в соответствии с законом от 16 мая 2014 года «О разрешениях и уведомлениях»;

проверок по основаниям, предусмотренным Уголовно-процессуальным кодексом РК от 4 июля 2014 года; проверок органов прокуратуры по поручению президента и генпрокурора;

таможенных проверок;

встречных налоговых проверок;

тематических налоговых проверок по вопросам определения взаиморасчетов между налогоплательщиком и его дебиторами, постановки на регистрационный учет в налоговых органах, исполнения распоряжений о приостановлении расходных операций по кассе, вынесенных налоговым органом;

профилактического надзора с посещением в целях отбора и проведения санитарно-эпидемиологической экспертизы продукции для осуществления мониторинга безопасности продукции в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения;

проверок и профилактического контроля с посещением за соблюдением законодательства РК об аккредитации в области оценки соответствия;

недропользователей; объектов государственного аудита и финансового контроля.

Также президентом было установлено, чтобы проверки, предусмотренные в подпунктах 1) и 2) пункта 1 настоящего указа, проводились на основании решения первого руководителя центрального государственного или местного исполнительного органа.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТҮЙТКІЛ

АТАҚ ТА САТЫЛАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Бағасын қымбаттатып жіберген ұлғатты ұстаздың төс белгісін сатып алып жүргендер өздерін қандай ұстазға балап жүр. Ұстаз деген ұлағатты есімнің ұсақталып кеткені соншалық білім ошақтарында мектеп директорлары мен ұстаздар арасындағы дау-дамай ауылдан асып, аудан, облыстық сот табалдырығында талқыланып жатады. Жоғарыда Аятжан Ахметжанұлы айтқан саудаға түскен атақ-дәрежелер шынтуайтында Білім және ғылым министрлігі ұсынған, Президент пен Үкімет мөрлеп бекіткен дәрежеде ғана алуы керек. Мұндай бей-берекет кеткен заңсыздықтарды Білім және ғылым министрлігі талқылап, білім саласындағы заңды жүйелеп, Парламентке ұсынып, қоғамдық бірлестіктердің заңсыз әрекеттеріне тиым салмаса бұл үрдіс жаңбырдан кейін қаулаған саңырауқұлақтай болады. «Бояушы, бояушы десе, сақалын бояпты» дегендей, сатып алған атақ-дәрежелерін мұғалімдер өздерінің түйіндемелеріне тіркеп, өзінің қандай ұстаз екендерін дәріптеп жүр. Бір ғажабы, осындай атақ-дәрежені саудаға салып, табыс көздеріне айналдырып жүргендерге «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ». Бұл жеңіл ұшынан жалғасқан жемқорлықтың бір тармағы. Бұл сауданың қызғаны сондай ұстаздар арасында медаль сатып алу модаға айналыпты. Тіпті, әлеуметтік желіде әлдебір жеке кәсіпкердің

қолынан сатып алған медалін осындай марапат бұйырды деп жазып отырғанда бетімнен отым шығады. Себебі, ұстаз атақ қуса, ұстаз жалғандыққа барса, ұлттың ертеңі не болмақ?», – деп ашынады тәлімгер ұстаз Аятжан Ахметжанұлы. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген осы. Бұл марапаттарды сатып алып жатқан ұстаздар арасында оқуды сырттай бітіріп, мектепте қалт-құлт етіп сабақ беріп жүрген, жұмыс өтілі екі жылға жетпейтін шикі өкпе әріптестеріміз де бар. Құдай-ау не деген атаққұмарлық дейді. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің деген де осы шығар. Тәжірибесі толысып болмаған, білім ұясынан шәкірт ұшырып қанаттандырмаған шикі өкпе ұстаз «Ғасыр», «Ұлт ұстазы», «Алаш Ұстазы», «Ұлағатты ұстаз» деген алатаудай атақты тер төгіп, қиналмай-ақ сатып алып, білім дәрежесін көрсетіп жатса жетіскен екенбіз. Осындайда қайран біздің арды ойлаған, тірлігінде рахат көрмей, зорлық-зомбылықтан көз ашпай, құрын-сүргін көріп жүріп, білім жүйесіне өпшестей із қалдырып кеткен Ахмет Байтұрсынов сияқты «Ұлт ұстаздарының» есімін асқақтатпай, қорлап жүрген мұғалім-сымақтар: «Мен осы атақ-дәрежеге лайықпын ба, мұны сатып алғаным маған қандай абырой әпереді», – деп бір намыстанып қоймаса не шара. Осындай ұстазсымақтардан тәлім алып жүрген жәсәспірімдер болашақта қандай маман болып шығады. Себебі, «алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба солай жүреді» деген тәмсіл бар. Кеуделеріне бір медаль тақпай кеткен Алты Алаштың ардақтылары қазақ білімінің іргетасын қалағанда артымыздан жалған ұстаздар қаулап шығады демеген шығар. Керісінше «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын ұстаздікі», – деп Мағжан Жұмабаев – ұстаздардың қадір-қасиетін ардақ тұтқан. Атақ-абыройды темір-терсекпен өлшеп, табыс көзіне айналдырған қоғамдық ұйымдардың көздеген мақсаты білікті ұстаздардың басын біріктіріп бәсекелестік тудырып, әлемдік олимпиадаларда шәкірттері оза шауып олжа салып жатса құба-құп дер едік. Олай болмай тұр. Керісінше, іс-тәжірибесі жетіспей, сырттай білім алған, ұстаздық жолында жарқырап көрінбеген шолақ-белсенділерге үлестіріп жатқан атақ-дәрежелері атанға жүк болды. Осы марапаттарды сатып алған ұстаздар арасында мақтан тұтып, той жасағандар да болыпты. Әлгілердің тойында Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсыновтар көзінің тірісінде естімеген алғыстар мен бата-тілектер қардай жауады», – дейді Аятжан Ахметжанұлы. Осы тілектерді айтушы да, естуші де екі беттері шым етіп ұялып қоймайды. Жалған сөйлеп, жалған мадақ естіп тұрғандарын екі тарап та жақсы біледі. Ал осыдан кейін сыныпқа кіріп оқушыларға тазалық, адалдық туралы көсіліп әңгіме айтамыз. Неткен жиіркеніштi дейді. Расында өзі адал жолмен жүрмеген, атақ-дәрежені сатып алған ұстаз оқушыға қалай адалдық туралы айтады. Мұндай ұстаздардан ұлағаттылық күтудің өзі әбестік. Ол үшін ұстаздардың өзін атесттациялау керек. Жаңағыдай атақ-дәреже қуалап жүргендерді білім ошағынан аластау қажет. Абай Құнанбаев: «Мен егер закон қуаты қолында бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – деп айтқан. Қисықты тезге салып түзегендей, ұстаз түзу жүрмей, қоғам түзелмейді. Бүгінгі қоғамда ақиқат айту дегеннің өзі азап болды. Айтқанның аузы, көргеннің көзі жаман болады. Есесіне өтірік мақтау, жалғандық, жағымпаздық, көзбояушылық етек алды. Осындай ұстаздардың алдын көрген, солардан тәлім алған балалардың болашағынан не күтуге болады. Бұлда бір асқынған кесел және дауасы табылмай тұр. Тәйт демеген соң тәрбиеден құн кетті. «Ақша жүрген жерде албасты жүреді» дегендей, төсбелгі жасап, соны саудалап жүргендерде ұят жоқ. Оларда ойлануы тиіс. Өздерінше кәсіп жасап жүрміз десе қатты қателеседі. Бұлда бір кәсіп дейтін шығар, алушы болса, тауар өндіруші табылады дегенге саяды. Оларда бір нәрсені өндірерде тауардың өтімділігін қадағалайды. Демек, қоғам арасында арланбай атақ-дәреже сатып алатындар баршылық. Шпор шығарып сататын қоғамнан жауапкершілік пен адалдық сұраудың өзі артық. Олар Абай дана айтқандай, "Есектің артын жусаң да, мал тап" дегенін дұрыс жағынан түсініп алған алаяқ бизнесмендер. Сол төс белгіні сатып алып төсіне тағып жүргендер де аляқтардың бірі. Атақ дәрежелердің саудаға түсуі үлкен қылмыс. Интернет желісінде мемлекеттік наградалардың сатылатыны жайлы ақпарат бар. Бұл қаншалықты шынайы, және жалған екенін құзырлы органдардың еншісіне қалдырдық. «Жас Алаш» газетінің 2021 жылдың 31 тамызындағы нөмірінде, авторы Нұрсұлу Мырзахметтің 2 020 жылдың 26 қарашасымен биылғы 25 қаңтар аралығында ресейлік интернет-аукционында 910 реттік нөмірімен «Құрмет» ордені сатылған. Сатушы оның құнын 205

мың рубльге бағалаған, теңгеге шаққанда 1,18 млн. теңге шамасында. Бұған қатысты да мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия наградталушы туралы жауап бере алмады. Ал заң тұрғысында мемлекеттік наградаларды сатуға тыйым салынған. Былтыр 7643 награда жасауға тапсырыс беріліпті. Оның ішінде төрт «Қазақстан Еңбек Ері» алтын жұлдызына, I дәрежелі 10 дана «Барыс» орденіне, 100 дана II дәрежелі «Айбын» орденіне және 5000 дана көпбалалы аналарға арналған «Күміс алқа» бар. Маусым айында «Қазақстан Респуб-ликасының Конституциясына – 25 жыл» 10 мың мерекелік медальға және 5000 төсбелгіге қосымша тапсырыс жасалған. Ең қымбат қазақстандық орден – «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордені. Оны 2016 жылы Қазақстандық теңге сарайында жасау құны 3,88 млн. теңгеден асқан (11 198 доллар). «Қазақстан Еңбек Ері» алтын жұлдызы 1 млн теңгеден қымбаттау тұрады. Әдетте маңызды мерекелерге орай, жылына бұл марапаттың бірнеше данасы беріледі. Бұл награда 213,6 мың теңге тұратын «Отан» орденімен қатар тапсырылады. Бұл ордендердің көпшілігінде қымбат металдар мен зергерлік тастардың едәуір мөлшері бар. Осынау орден, медальдармен билік қалыптасқан дәстүр бойынша жыл сайын Қазақстанда Тәуелсіздік күні қарсаңында мемлекеттік қайраткерлерді, шенеуніктерді, кәсіпкерлер мен еңбек адамдарын марапаттайды. Былтыр Қазақстан Халқы Ассамблеясы да «Қазақстан Халқы Ассамблеясына – 25 жыл», одан бөлек, «Бірлік» медальдарын оңды-солды таратқанын көпшілік біледі. Тіпті ондай

марапаттан бас тартқаны туралы журналист әріптесіміз әлеуметтік желіде жарияға жар салғанын ұмытқан жоқпыз. Сонда жалған атақты көксегендердің құрметке қаншалықты лайықты екенін, мемлекеттік наградалардың «ұста-ғанның қолында, тістегеннің аузында» кетуіне жол бермеуін қадағаламағанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия қайда қарап отыр, аспандағы жұлдыздарды санап отыр ма? – деген мақала жарық көрген-ді.

Мақала басында, «Алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арба да сонда жүреді» деген тәмсілді тектен айтпағымыз жоқ. Демек атақ: абыройды, медальдарды саудалауға Мемлекеттік наградалар жөніндегі комисияның өзі дәнекер болса, «Ұлт ұстазы» деген атақты саудаға салған қоғамдық ұйымдарға кім шара қолданады. Міне, жемқорлықтың жеті тамырының бірі атақ-дәрежеде жатыр. Ал, оны саудалап және сатып алушылар ұялмай-қызармай «Ұлт ұстазына» айналды. Білім саласындығы былық пен шылықтың бір тармағы «Ұлт» ұстазының» атын жамылған ұятсыз ұстаздар дәріс беріп жүр. Ахмет Байтұрсыновқа «Ұлт ұстазы» деген атаудың өзі ол өмірден өткен соң, алғаш рет педагог, ақын Мағжан Жұмабаев мақаласында қолданып, бұл атау Ахаңның төл паспортына айналған. Ахаңның білім жүйесіне өлшеусіз сіңірген еңбегін, өзі өмір сүрген қоғамның, мемлекеті бағаламай, құғына салып, азаптады. Ал, онымен заманында тізе біріктіріп, қоғамда, білімге қосқан сүбелі үлесін зерделеп «Ұлт ұстазы» деп атақ беріп, айдар таққан Мағжан Жұмабаевтай нар тұлға болатын. Күні бүгінге дейін Ахмет Байтұрсынов тәуелсіз қазақ мемлекетінде тиісті бағасын ала алмай келеді. Тіпті өзі туған Қостанай өңіріндегі туған ауылындағы өмірге келген, мекен еткен баспанасы қамқорлықсыз қалғанын күні кеше ғана көгілдір экран көрсетті. Туған ауылына баратын жол да әлі күнге жөнделмеген. Биыл 2022 жыл «Ұлт ұстазы» Ахмет Байтұрсыновқа 150 жыл толды. Алаштың ардақты, реформаторының елді ағарту жұмыстарындағы рөлі, тіл мен әдебиет ғылымдарының негізін салудағы зор еңбегі ескерілуі тиіс. Бұл жөнінде экс Мемлекеттік хатшы болған Қырымбек Көшербаев Мемлекеттік комиссия құрып, жиын өткізген болатын. Бұл бөлек әңгіме. Мақалаға арқау болып отырған тек Ахмет Байтұрсыновқа тиесілі «Ұлт ұстазы» болуды көксеп жүргендер бұл атақты сатып алмауы керек. Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтқанын, «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел – бүгіншіл, Менікі – ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлының атына кір келтіріп, «Ұлт ұстазы» «Ғасыр ұстазы», «Алаш Ұстазы», «Ұлағатты ұстаз» деген атақты төлбелгісін сатып алып жүрген мұғалімдер «судында сұрауы болатынын» білулері тиіс. Жалған атақ, жалған марапат жарға жығады. Басқа-басқа, ұстаздар ұлағатты болмай, ұрпақты ұшпаққа шығара алмайды.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАРАЗЫ

АЗЫҚ-ТҮЛІК НАРЫҒЫНА ЖАЛАҚЫНЫҢ ӘСЕРІ:

ЕРКІН БАҒА МЕН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДА ТАҢҒАЛУҒА ЛАЙЫҚ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕ БАР ДЕСЕК, СОНЫҢ БІРІ ТАМАҚТЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ МЕН ҚЫМБАТШЫЛЫҒЫ БОЛЫП ОТЫР. БҮГІНГЕ ДЕЙІН ХАЛЫҚ СҰРАНЫСЫНА ИЕ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫНЫҢ ҚЫМБАТТАУЫ ӘЛІ ДЕ ТОҚТАМАЙ КЕЛЕДІ. НЕГЕ? ОЙЛАСАҢ, БАС ҚАТЫРУҒА ЛАЙЫҚ ҒАЖАП СҰРАҚ. АЛАЙДА, БҰҒАН ЭКОНОМИСТ МАМАННЫҢ ӨЗ АЙТАРЫ БАР.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты Гүлнар ТӨЛЕШОВАНЫҢ айтуынша, азық-түлік нарығы – азық-түлікті өндіру, тасымалдау, сақтау және өткізу саласында қалыптасатын экономикалық қатынастар жүйесі, әрі тамақ өнімдерін өндіру және сатумен тығыз байланысты экономикалық қызмет түрі. Оның маңыздылығы нарық арқылы өзін-өзі реттейтінінде. – Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Қазақстан үшін экономикалық қауіпсіздік жүйесіндегі ірі мәселелердің бірі, себебі азық-түлікпен толықтай қамтамасыз етпейінше бірде-бір ел басқа мемлекетке тәуелділіктен арылмайды.

Мемлекеттік ұйымдар ел экономикасы үшін маңызы зор тауарлар мен қызметтерге, мәселен энергия, отын, тұтыну тауарлары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтеріне нақты бағалар енгізе алады. Халықтың барлық тобы жаппай тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары, яғни нан, сүт өнімдері, тауық жұмыртқасы, картоп, ет, балық, кейбір көкөністер мен жармалар бағасының төмендігі әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. Нарықтық экономикалық қатынастарда негізінен баға еркін белгіленеді. Алайда, әлемдегі бірде-бір мемлекет, әсіресе күнделікті азық-түлік бағасының түбегейлі еркін белгіленуіне жол бермеуге тырысады. Дегенмен, мемлекеттік реттеу әдістері және оларды қолдану мүмкіндігі елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға да байланысты. Бағаны реттеу дағдарыс пен инфляцияға қарсы сипатта нарықта қалыптасқан экономикалық ахуалға да тәуелді. Егер, тікелей әдістер бағаның өзіне әсер етсе, жанама әдістер бағаға байланысты факторларға ғана қатысты болады. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасында тұтыну бағасының өсуінде негізгі рөлді монетарлық емес факторлар атқаратындығымен сипатталады.

Пандемия жағдайында әлемдік ауыл шаруашылығы нарығы көптеген жағымсыз құбылыстарға тап болды. Пандемия дағдарысының азық-түлік секторының көлік, логистикалық тізбек және адами ресурс сияқты компоненттері әсерінен әлем елдеріндегі барлық тұрғынның азық-түлікке қолы жетпей қалу қаупі төнді.

Әлемдік нарықтағы бағаның өсуі, инфляция, баға келісімі және басқа да көптеген фактордың әсерінен Қазақстанда да азық-түлік өнімдері, оның ішінде тауық жұмыртқасы, күнбағыс майы және басқа да азық-түлік өнімдері белсенді түрде қымбаттай бастады. Оның бір себебі, карантин кезінде халықтың азық-түлікке деген сұранысы артып, содан баға қатты шарықтап кетті. Өткен жылы инфляция деңгейі 7,5 пайызға дейін жетсе, азық-түлік инфляциясы 11 пайыздан асып жығылды. Елдегі тауар бағасының өсуі – ұзақ сақталатын көкөністер бағасының, электр энергиясы тарифтерінің, бензин және азық-түлік тауарларының сыртқы бағасының өсуімен де тығыз байланысты.

2021 жылдың басынан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасы 6,7 пайызға өсті, бұл көрсеткіш 2020 жыл басында – 5,5 пайыз болған. Негізінен көкөністердің бағасы, күнбағыс майы, қант, қарақұмық, тауық және тауық жұмыртқасы 48 пайыз және 53 пайызға дейін қымбаттады. Азық-түлік бағасының өсуі әлі де инфляция шегінде, бірақ таяу болашақта шығындардың жоспардан тыс өсуіне ешкім кепілдік бере алмайды. Ал Қазақстан өкінішке қарай, импортқа тәуелді ел, қазір де сол тәуелділіктен көп зардап шегіп отырмыз. Бізге өнімін сататын елдер бағаны көтеруде, себебі олар ең алдымен өз нарығын қамтамасыз етуге мүдделі.

Қазақстандағы бағаның күрт өсуін пандемияның басталуымен, еліміздің маңызды сауда серіктесі Қытай мен Еуропада шектеу шараларының енгізілуімен, сондай-ақ біздің елдегі қатаң карантинмен байланыстыруға болады. Оның үстіне, кәсіпорындардың қызметін тоқтатуы, тауарлар ұсынысының қысқаруы және карантиндік шектеулерге байланысты жеткізу тізбегінің бұзылуы теңгенің құнсыздануына әкеп соқты. Біздің пікірімізше, дәл осы факторлар инфляцияның күрт өсуіне де түрткі болды. Себебі, экономикадағы жиынтық сұраныстың төмендеуі – тұтынушылық шығындардың, фирмалардың инвестициялық шығындарының және экспорттың төмендеуіне ғана емес, сонымен қатар карантиндік шектеулер тікелей немесе жанама әсер еткен бірқатар саладағы өндіріс көлемінің төмендеуіне байланысты жиынтық ұсыныстың да қысқаруына, табыстың төмендеуіне әкелді. Бұл прогрессивті жағдай кедейлік пен әлеуметтік теңсіздікті үдетіп жіберді.

Халық табысының өсуін қамтамасыз ететін айқын да ұтымды шешім – негізгі есептік көрсеткіштерді кемінде екі есеге арттыру, яғни тұтыну қоржынындағы азық-түлік өнімдері мен қызметтерінің құрамын көбейту қажет. Бізге түсініктісі: халықтың жалақысы мен табысының өсуі инфляция мен бағаның өсуіне себеп болады. Ал, жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы базар нарқына сай емес, қымбатшылықтан халық кедейленіп, баға, тарифтер мен инфляция ұлғайды.

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақының мөлшерінің 41 пайызға (42 500 теңгеден 60 000 теңгеге дейін) өсуінің бірнеше себебі бар. Біріншіден, төменгі жалақы мөлшерінің бағаның өсу деңгейіне сәйкестендіру қажеттілігі. Қазақстанда бұл көрсеткіш 2018 жылдан бері қарастырылған жоқ. Ал, соңғы 4 жылға жуық уақыт ішінде нақты баға деңгейі айтарлықтай өзгерді. Сондықтан, ең төменгі жалақы көрсеткіші нақты көрсеткіштерге қайшы келеді. Тіпті, төменгі жалақының қазіргі құны ТМД елдері арасындағы ең төменгі көрсеткіштердің бірі болып саналады. Бұған пандемия тудырған экономикалық дағдарыстың салдары себеп болды. Бұл – қазақстандықтардың табысына да кері әсерін тигізді.

Екіншіден, ең төменгі жалақы көрсеткішін арттырудың әлеуметтік мәні бар: азаматтар жоғары жалақы алуға өтініш бере алады, жұмыс берушілер қызметкерлерге (егер ол айлық уақыт нормасын толық орындаса) ең төменгі жалақы деңгейінен де төмен жалақы төлеуге құқығы жоқ. Сондай-ақ, көрсеткіштің өсуі қазақстандықтарға жеке табыс салығын төлеуден аздап үнемдеуге мүмкіндік береді. Жұмыс берушілер үшін бұл жаңалық аса қуанарлық емес: себебі, көрсеткіштің 41 пайызға артуына байланысты оларға түсетін салық жүктемесі де өседі. Екіншіден, жұмыс берушілер жалақы деңгейін белгілеу кезінде ең төмен жалақы көрсеткішіне сай қызметкерлердің басқа да санаттарының жалақысын қайта қарайды.

Жуырда Мемлекет басшысы Үкіметке қазақстандық жұмыс берушілер қосымша салық ауыртпалығын мойнына алудан зардап шекпеуі үшін әлеуметтік, салықтық және басқа да есептеулер кезінде ең төменгі жалақыны пайдалануды алып тастау мәселесін пысықтауды тапсырды. Осыған байланысты жақын арада Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және әлеуметтік аударымдарды есептеу тәртібіне бірқатар түзету енгізілуде. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, жалақы қорындағы жалпы салық жүктемесі шамамен 34 пайызды құрайды. Міне, жұмыс беруші әрбір қызметкердің жалақысынан бірнеше түрлі салықтар, жарналар және басқа да төлемдерді төлейді. Бұл көрсеткішті 25 пайызға дейін төмендету жоспарлануда. Мұндай жағдайда ең төменгі жалақының күрт өсуі жұмыс берушілердің персоналды ұстауға жұмсайтын шығындарына айтарлықтай әсер етпейді. Салық жүктемесінің төмендеуіне байланысты бір реттік төлем ең төменгі жалақының өсуін бейтараптандыруға көмектеседі. Осылайша, 2022 жылы АЕК (айлық есептік көрсеткіш) пен оның өсімі қызметкерлердің де, жұмыс берушілердің де экономикалық жағдайына әсер етеді. Төлемдердің бір бөлігі өседі, бірақ кірістер де өседі (ерекше режимдегі кәсіпкерлердің жалақысы да, мүмкін табысы да).

Болжам бойынша, 2022 жылы аграрлық өнімдердің құны артады. Себебі, жаз айларында көптеген аймақта құрғақшылық болуы мүмкін деген болжам бар. Минералды тыңайтқыштар, өсімдіктерді қорғау құралдары, бензин мен құрама жем қымбаттауда. Сондықтан, агроөнеркәсіптік кешен салаларын мемлекеттік қолдау жөнінде неғұрлым пәрменді шаралар қажет, өйткені пандемия жағдайында ол халықтың тұрмыс деңгейі мен сапасын елеулі дәрежеде айқындайды.

Азық-түлік өндірісін ұлғайтып, олардың бағасын төмендету үшін аграрлық салаға жіті көңіл бөлінуі қажет. Жаңа жұмыс орындары ашылып, қызметкерлерді лайықты жалақымен қамтамасыз ету керек. Аграрлық сектор кәсіпорындары үшін салықтық жеңілдіктер мен түрлі ынталандыру қажет.

Еліміздің аграрлық секторының ішкі нарық қажеттілігін қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті өнімімен әлемдік нарыққа шығу, өнім импортын күрт қысқарту тұрғысынан болашағы бар. Әрбір мемлекет өз нарығын қорғауға мүдделі. Бұл протекционистік сипаттағы бірқатар шараларды жүзеге асыруды талап етеді: импорттық өнімдердің ұлттық нарығына қол жетімділікті шектеу және отандық экспортты ынталандыру. Нарықтағы импортты реттеу мақсатында мамандар тарифтік квоталар белгілеуді, импортты алмастыратын отандық өндірісті дамыту және дұрыс баға бәсекесін қалыптастыру үшін жағдайлар жасауды ұсынады. Сондай-ақ, әлемдік нарықта ауыл шаруашылығы дақылдары мен азық-түлік өнімдерінің бағасы өсуде. Мысалы, Бразилиядағы құрғақшылық пен аязға байланысты кофе түсімі төмендеді. Оның бағасы барлық жерде өсті.

Елімізде азық-түлік инфляциясын тежеу және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағаларын мемлекеттік реттеу шараларын күшейту шеңберінде әкімдіктермен бірлесіп, жергілікті жерлерде негізгі азық-түлік тауарларының нақты және қолжетімді бағасын қою бойынша шаралар қабылдануда. Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, тауарларды өндіру, тұтыну және қайта бөлу теңгерімдерінің толық мониторингі қамтамасыз етілетін болады. Бұл бағаның одан әрі өсу қаупін тудырмауға мүмкіндік береді. Жекелеген тауарлар бойынша баға айтарлықтай өскен жағдайда монополияға қарсы орган айқындаған тәртіпке сәйкес шекті бағаларды әкімшілік бекіту әдісі қолданылатын болады.

Аграрлық саланы жедел дамыту мынадай шұғыл шараларды қабылдау қажет: фермерлердің, тамақ өнімдерін тасымалдау операторлары мен тамақ өнеркәсібі қызметкерлерінің денсаулығын сақтау және қызмет сапасын жақсарту жақсарту; импорттаушыларға «жасыл дәлізге» шығуға мүмкіндік тудыру арқылы алдағы маусымға ауыл шаруашылығы ресурстарын жеткізуді қамтамасыз ету; тоңазытқыш қоймаларының мүмкіндіктерін бағалау; сондай-ақ, әлеуметтік қорғау бағдарламалары арқылы азық-түлік шығындары мен қалдықтарды азайту. Сонымен қатар, несиелік кепілдіктердің жаңа схемалары (операциялық шығындарды жабу үшін) және ауыл шаруашылығы субсидиялары арқылы кәсіпкерлердің қаржылық тұрақтылығын сақтау қажет. Сонда ғана азық-түлік нарығында қымбатшылыққа жол берілмей, баға орнықты болады деген ойдамыз.

Дүйсенбі - Понедельник, 14 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.25 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
10.10, 18.35 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігерлер»
15.15 «Apta»
16.05, 23.30 Т/х «Ақжауын»
16.55 BEIJING-2022. Фристайл.
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «BEIJING-2022» Фристайл.

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Время»
07.10 Зимние Олимпийские игры 2022
10.55 Мегахит. «Приказано: Уничтожить»
12.40 «Пәленшеевтер-3»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
15.00 «Бүгін»
15.40, 16.55 Зимние Олимпийские игры 2022
19.05 Т/х «Көкжал»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 Нарезка «Пәленшеевтер»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.10 «Олимпиада ойындарының күнделігі»
22.30 Тұсаукесер «Түңгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 «Жауынгер»
13.30 Худ/ф «Брат или брак»
15.50 Сериал «Вопреки всему»
16.45 Т/х «Хон Гиль Дон»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
01.10 Т/х «Сулеймен Султан»
02.20 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
04.00 «Қош келдіңіз»
05.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
06.35 «Той заказ»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «Поле чудес»
10.20 «Все к лучшему-2»
14.00, 02.10 Новости
14.15, 02.25 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 Жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 «Пять минут тишины»
00.20 «Цыпленок жареный»
01.20 «Преимущество двух слонов»
02.40 «Паутина»
03.50 «Әйел сыры»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Кектен туған махаббат»
11.00 «Өмірдің өзі новелла»
13.00 «Олюшка»
15.00 «Пес-5»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне-2»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Пес-5»
03.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 «Жанашыр»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

006.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 «Информбюро»
08.30, 00.30 31 әзіл
09.00 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.20 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Кім кінәлі?»
13.00 «Күліп All »
13.30 Сериал «Городские легенды»
14.35 Х/ф «Каратель»
17.25 Сериал «Кухня» (повтор)
18.30 Сериал «Кухня»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.55 Х/ф «Взрывная блондинка»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20 Сериал «Гадалка»
11.00 Сериал «СПЕЦЫ»
13.00, 02.40 «Q-Елі»
13.10, 22.40 «Бастық боламын»
15.10, 00.40 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.40 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
19.30 Сериал «Цена жизни»
21.30 Т/х «Пиzнесмен Қанат»
22.10 Т/х «Алғашқы махаббат»
01.40 «Домик на счастье»
03.20 «Тамаша 7 км»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Айна-online»

Сейсенбі - Вторник, 15 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25, 10.00, 15.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.00 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
12.55 BEIJING-2022. Шаңғы қоссайыс
15.15 «Теледәрігерлер»
16.15 «Шәкен Айманов – біздің сүйікті режиссер»
16.50 BEIJING-2022. Шаңғы қоссайыс
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
23.30 Т/х «Ақжауын»
00.55 «Ashyq Alan»
01.50 Футбол. Уефа. Чемпиондар лигасы

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Время»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Кино. «До встречи с тобой»
12.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
14.30 Зимние Олимпийские игры 2022. Хоккей
17.00 Зимние Олимпийские игры 2022. Фристайл
18.15 Мегахит «6 дней»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
08.30 «Біздің назарда»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.10 «Олимпиада ойындарының күнделігі»
22.30 Тұсаукесер «Түңгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 «Жауынгер»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 05.00 «Қош келдіңіз!»
15.50 Сериал «Вопреки всему»
16.45 Т/х «Хон Гиль Дон»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
01.10 Т/х «Сулеймен Султан»
02.20 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
04.00 «Айтарым бар»
05.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Модный приговор»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.20 «Цыпленок жареный»
12.10 «Семейный альбом»
14.00, 02.10 Новости
14.15, 02.25 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины»
01.20 «Преиумещество двух слонов»
02.40 «Паутина»
03.50 «Әйел сыры»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Кектен туған махаббат»
11.00 «Өмірдің өзі новелла»
13.00 «Новости»
13.40 «Лесник. Своя земля»
14.30 «На твоей стороне-2»
16.30 «Чума»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне-2»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Чума»
02.45 «Кектен туған махаббат»
03.40 «Мерекелік концерт»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.55 «Зерде»
11.30 «Жанашыр»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Сегодня» /прямой эфир
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 «Информбюро»
08.30, 23.45 31 әзіл
09.00 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.20 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Кім кінәлі?»
13.00 «Күліп All»
13.30 Сериал «Городские легенды»
14.00 Ералаш
14.25 «Астерикс и Обеликс в Британии»
17.00 Сериал «Кухня» (повтор)
18.30 Сериал «Кухня»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.55 Х/ф «Сезон убийц»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20 Сериал «Гадалка»
11.00, 19.30 Сериал «Цена жизни»
13.00, 02.40 «Q-Елі»
13.10, 22.40 «Бастық боламын»
15.10, 00.40 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.40 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
19.30 Сериал «Цена жизни»
21.30 Т/х «Пиzнесмен Қанат»
22.10 Т/х «Алғашқы махаббат»
01.40 «Домик на счастье»
03.20 «Тамаша 7 км»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Айна-online»

Сәрсенбі - Среда, 16 ақпан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.55 Әнұран
06.05 Д/ф «Қазба қазыналары»
06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 00.20 AQPARAT
07.00 «Tansholpan»
10.10, 18.35 Т/х «Дениз»
12.00, 21.30 Т/х «Сарай сыры»
13.10 «Qyzyq eken»
14.00 «Теледәрігерлер»
15.00 «Біздің полиция»
15.20 Д/ф «Қазақтар»
15.55, 23.30 Т/х «Ақжауын»
16.55 BEIJING-2022. Фристайл.
20.35 «Ashyq Alan»
22.30 Т/х «Өмір ызғары»
00.55 «Ashyq Alan»
01.50 Футбол. Уефа. Чемпиондар лигасы

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 Сериал «Время»
07.00 «Таңғы хабар»
10.00 Мегахит «6 дней»
12.00 Т/х «Пәленшеевтер-3»
13.00 Т/х «Шайқалған шаңырақ»
14.50 Зимние Олимпийские игры 2022. Лыжные гонки
16.50 «Олимпиада ойындарының күнделігі»
17.00 Зимние Олимпийские игры 2022. Лыжные гонки
18.25 Мегахит «Ночная бригада»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан-2»
22.10 «Олимпиада ойындарының күнделігі»
22.30 Тұсаукесер «Түңгі хабар»
00.00 Әсем әуен
00.30 «Біреудің есебінен»

АСТАНА

06.00 Т/х «Белгісіз жан»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 22.00 Т/х «Қарындасым қарлығашым»
11.20 Т/х «Қызым»
12.20, 00.00 «Жауынгер»
13.30 «Айтарым бар»
14.30, 05.00 «Қош келдіңіз!»
15.50 Сериал «Вопреки всему»
16.45 Т/х «Хон Гиль Дон»
18.10 «Фазилет ханым»
19.00 Т/х «Ене»
20.00 ASTANA TIMES
21.00 «Әйел тағдыры-2»
01.10 Т/х «Сулеймен Султан»
02.20 Т/х «1001 түн»
03.00 ASTANA TIMES повтор
04.00 «Айтарым бар»
05.40 «KazNet»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Жить здорово!»
07.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
08.00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
09.00 «На самом деле»
10.00 «Пусть говорят»
11.10, 00.20 «Цыпленок жареный»
12.10 «Семейный альбом»
14.00, 02.10 Новости
14.15, 02.25 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.40 Сериал «Пять минут тишины»
22.30 Сериал «Пять минут тишины. Возвращение»
01.20 «Преиумещество двух слонов»
02.40 «Паутина»
03.50 «Әйел сыры»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Кектен туған махаббат»
11.00 «Өмірдің өзі новелла»
13.00 «Новости»
13.40 «Лесник. Своя земля»
14.30 «На твоей стороне-2»
16.30 «Чума»
18.30 Т/х «Тоғжан»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 АСТАРЛЫ АҚИҚАТ
21.00 Вечерние новости
21.40 «На твоей стороне-2»
23.20 «Лесник. Своя Земля»
01.15 «Чума»
02.45 «Кектен туған махаббат»
03.40 «Мерекелік концерт»
04.00-04.30 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 Инфо-блок
07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Ай мен күн» телехикаясы
10.35 Экономика жаңалықтары
10.40 Инфо-блок
10.45 Мәдениет жаңалықтары
10.50 Инфо-блок
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.15 «Әсем әуен»
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
14.55 Инфо-блок
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 Жаңалық
17.20 Экономика жаңалықтары
17.25 Инфо-блок
17.30 Жаңалықтар
17.45 Инфо-блок
18.00 Новости
18.20 Мәдениет жаңалықтары
18.25 «Спорт-тайм»
18.30 «Шашу»/тікелей эфир/
19.15 Новости
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир
20.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Экономика жаңалықтары
21.10 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Ай мен күн» телехикаясы
22.35 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 Әзіл студио
07.00, 05.00 Ризамын
07.30 «Информбюро»
08.30, 00.00 31 әзіл
09.00 М/с «Маша и медведь»
10.00, 01.20 Сериал «Ханшайым»
11.00, 21.00 Сериал «Ұшқан Ұя»
12.00 «Кім кінәлі?»
13.00 «Күліп All»
13.30 Сериал «Городские легенды»
14.00 Ералаш
14.15 Х/ф «Взрывная блондинка»
16.50 Сериал «Кухня» (повтор)
18.30 Сериал «Отель Элеон»
20.00 ИНФОРМБЮРО
21.55 Х/ф «Паранойя»
02.00 Сериал «Базарбаевтар»
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 14.10 Т/х «Серт пен сезім»
08.00 «Оян, QAZAQSTAN»
10.00, 16.20 Сериал «Гадалка»
11.00, 19.30 Сериал «Цена жизни»
13.00, 02.40 «Q-Елі»
13.10, 22.40 «Бастық боламын»
15.10, 00.40 Сериал «Девушки с Макаровым»
17.30, 23.40 Т/х «Көзайым»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия-7»
19.30 Сериал «Цена жизни»
21.30 Т/х «Пиzнесмен Қанат»
22.10 Т/х «Алғашқы махаббат»
01.40 «Домик на счастье»
03.20 «Тамаша 7 км»
04.00 Т/х «Япырай»
04.30 «Айна-online»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЙТАРЫМ БАР

ЖАҢАРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ

АЙЫППҰЛДЫ ЕСЕЛЕП КӨБЕЙТУМЕН, ЕКІНШІДЕН ХАЛЫҚТЫ БИЛІККЕ ТӘУЕЛДІ ЕТІП, ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ БЕРУМЕН БЕРЕКЕЛІ ЕЛ БОЛЫП ӨРІСТЕЙ АЛМАЙТЫНЫМЫЗДЫ ЖАҢА ЗАМАН ТАЛАБЫ ӨЗІ КӨРСЕТТІ.

Қалыптасқан жүйе халықтың наразылығын өршітіп жіберді. Бірақ оған мән беріп, мәнісін іздеген заңнама да аз болды. Айыппұлдар қаражаты қандай қалтаға түсіп келгені енді ғана әшкереленді. Ал 50 мың, 70-80 мың теңге айлық алатындар немесе оны да ала алмайтындар айыппұлды өтеу үшін несие, қарыз алуға мәжбүр болды. 70-90 мың теңге жалақы алатын мемлекеттік қызметтегі кадр мамандарда үй жиһаздары, қажетті бұйым тауарларды қарызға алып шаруа жасады. Қара халық несие алып той тойлады. Жоғарғы пайызбен ақша берген банк иелері одан ары байлықтарын еселей түсті. Қаржы пирамидасы негізінде табыс көзі мол кәсіп пен сауда орындарын жекеге алған байлар бағаны өсіруді өздері шешті. Үкіметте, жергілікті әкімдер де байларға барынша қолдау көрсетті, көбісін салықтан босатты. Мал шаруашылығына және басқа да бағдарламаларға сай бөлінген субсидиялар мен тендер ұтып алу осы жандарға бұйырды.

Көлеңкелі жасалған қымбатшылыққа Үкімет шектеу қоя алмады, бұл халықтың ашу-ыза наразылығын үдетіп, халықтың билікке деген сенімін күн санап төмендетіп жіберді. Ақыр соңы бейбіт шерумен басталған халық наразылығын би-лікке таласқан байлар мен жеке мүддесінің бағыт бағдарын күшейтуге ұйымдастырылған топ арнайы да-йындықпен келіп, арандатушы әре-кеттімен қанды қырғын дүрбелеңін жасап, күштік құрылым өкілдері де, қара халық та оққа ұшты, зардап шекті.

Өткен заман үрдісінде барлық елде ашынған халықтың лап етіп көтеріліске шығып, атылған оққа қарсы ұрандауының соңы қан төгіспен аяқталатыны тарих шындығы. Ал мұндай көтеріліс наразылықтан елі, ұлты үшін өнеге алып, ел-жұртының еңсесін көтеріп, ереуілшіл топтармен санасып, өркениеттің сара жолы демократиялық тұрғыда өз ұлты мен халқы үшін таңдау жасап танылған жоғарғы билік өкілдері қаншама. Ылайым, біздің елімізге де жақсы жайсаң жаңа дәуірдің таңы атып келе жатқанын Президентіміз Қ.Тоқаевтың «ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛДЫ. БҰЛ ШЫНАЙЫ ЖАҢАРУ КЕЗЕҢІ БОЛАДЫ. ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІ БІРГЕ ӨРКЕНДЕТЕЙІК! ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!», – деген үндеуінен сезінесің. Мұнда жаңа және шынайы деген сөздер ерекше мән мағынамен нақты түрде рух жігермен айтылғанына халық болып қолдау көрсетуіміз ата-бабалар аманатына қиянат жасамағанымыз деп білеміз.

Президентіміздің отыз жылда көлеңкелі бизнесте шектен шыққан кәсіп иелерін әшкерелеп, Үкіметке, тиісті заң орындарына нақты тапсырма міндеттер жүктеп, жаңа шынайы реформалар жолын көрсетіп, өз халқы мен әлем алдында ашық саясат бағытын ұстануы қазақ еліне сенімсіздікпен қарайтын адамзат қоғамы, арандатушы мүскіндер сезім санасына сенімділіктің сеңін ұялата бастады. Бұны күнделікті саяси ба-ғыт үрдістері желмен жарыса жар салған ақпараттық мәлімет жүйесінен көзі ашық көкірегі ояу оқырман қауым

көріп түсінуде. Қызуқанды қызба, өсек аянға жаны жақын жалақорлар мен жағымпаздар қара басының қамын күйттеп көсіле сөйлеп, көсемдік танытудан қалысар емес.

Өмірдің тағы бір ащы шындығы: Мемлекет те, Үкімет те, халық та арандатушы бағытын ұстанған тобырлардың қисынсыз іс-әрекеттеріне заман талабына сай, ұзақ жылдардағы тұжырымын жасап, игі нәтижесімен соңғы нүктесін қоя қорытындылайтынын ешкімде естен шығармағаны абзал.

Бұл ықылым заманнан жалғасып келетін тарихтың тағылымы ха-лықтың даналығы дер едім. Әлі де болса ашу ызаға булыға топтасып наразылық таныта заң органдарының алдына жиналып, ұсыным пікірлерін айқай шумен жеткізіп жатқан халықпен қалай жұмыс жасау қажеттілігіне пікір ойымды қосуды жөн көрдім.

1.Мемлекетіміз бен Үкімет, халықтың санасына сенімділік ұялату үшін ұлттық идеологияны нақты жүйелі түрде жоспарлап жолға қоюды күн тәртібінен түсірмеу қажет сияқты. Өйткені халық соның ішінде, жаңа заман жастары қазақ болмысындағы ұлттық құндылық қасиеттерін жан тәніне сіңіре түсіне алмаса, ұлты тәуелсіз егеменді қазақ елі үшін ұлылық көрсетеді деудің өзі бір кем дүние екені осы жолғы қаңтар оқиғасында көрініс берді.

2.Үкімет жергілікті атқарушы биліктің лауазымды басшылары халықпен өз ұлт өкілімен қоян қолтық етене жақын араласуды алдын ала ұйымдастырумен емес, кез келген уақытта ашық қабылдау үрдісімен жүзеге асыра бастаса ұлттық идеология ел-жұрт рухын көтерері сөзсіз.

Мінеки, осындай жолға түскен министрлер мен әкімдер қай кезде де халық сенімін ақтап шығатынына еш күмән болмас. Министрліктер мен әкімдіктер азаматтық және қоғамдық ұйым, қоғам белсенділеріне қолдау көрсетіп халықпен араласу ісіне бірге кіріссе, нәтижелі болатынын дамыған елдерінің тәжірибесі айқын көрсетіп келеді.

Үкімет 5-6 жасқа дейінгі сәби балаларға ата-анасы мен бала бақшалар ана тілінде жан жақты тәлім тәрбие беретін мүмкіндікті жасап берсе; 6-7 жастан 13 жасқа дейін ана тілінде, одан кейінгі жаста басқа тілдерді игеріп өз білімдерін ел өркениеті үшін шыңдайтын мүмкіндіктермен қамтамасыз етсе; Бір мүшелі жасқа дейін ана тілінде сөйлеп ұлт ұлылық құндылығын тұла бойына сіңірген бала ары қарай өз елі мен ұлтына, Отанына деген сүйіспеншілігінен айырылмайды.

Әлем елдерінің өркениет даму жолын өзінің ұлттық құндылық қасиеттеріне негіздей қабылдап жүзеге асыратын болады. Ұлттық идеология құндылығыда осында.

3. Ішкі істер министрлігі бірінші кезекте полицейлердің тұлғалық болмыс бойларына, ой санасына салмағына, айлық жалақы күн көрістеріне реформа жүргізу қажеттілігі де заман талабынан туындап отырғаны мәселе. Бұзақы атанып, жазаланып жатқан еңсесі биік еңгезердей азаматтардың не үшін шеруге қатысқанын не болмаса қандай күштердің ықпалымен белгілі белгісіз себептермен барғанын анықтау жауапкершілігін адал атқаруы қажет. Жігіттерді ұрып соғып қылмыскер етіп, соңында өздері айыпталғанша ішкі істер органы сол азаматтарға таңдау жасап, 4-5 айда оқу жаттығу өткізіп жеңілдетілген тәртіппен жеделдетілген курстар бойынша арнайы оқу үрдісімен дайындаса, мүлдем басқа тұлға болып шығар ма еді. Ел-жұртта елең етіп Ішкі істер министрлігіне сенімділіктері артып, полицей болған азаматтар ел сенімін ақтауы әбден мүмкін.

4. Ішкі істер министрлігі аяқ асты өсірген айыппұл мөлшерін де қайта қарап, тез арада еселеп төмендетіп берсе халық та қамықпай, Президент те алаңдамас еді. Халық онсыз да мардымсыз жалақымен күн көріп отырғанда айыппұл салудан гөрі, басқа да жолын қарастырса, мысалы жол ережесін бұзған жүргізушіге бірнеше рет ескерту беріп, соңында жүргізуші құқығынан мерзімді уақытқа шектесе. Кім де болса ойланып, санасын жаңартуға әрекет етіп, сыбайлас жемқорлық та тиылуы әбден мүмкін. Бір мәселе, мұнда ескерту жасаған автоинспектор әрекеті оның құрылғысына өзінің басқаруынсыз жазылуы шарт. Сонда ғана күдік те, күмән да болмайтыны шындық. Бұл да жаңарудың басы шарты болуы бек мүмкін деген ой-пікір айтқым келді.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
Алматы облысы бойынша
«Қандастар» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы.

ДЕНСАУЛЫҚ

БАЛАНЫҢ ТІС КҮТІМІ

Балалардағы кариестің таралуын ескере отырып, алғашқы тістер пайда болғаннан бастап ата-аналар баланың гигиенасы мен тамақтануына ерекше назар аударуы керек, сонымен қатар тексеру және профилактикалық процедуралар үшін тіс дәрігеріне үнемі барып тұруы керек.

Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардағы кариес ересектерге қарағанда әлдеқайда жылдам қарқынмен дамиды. Кариестің себептері әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан ол жаппай стоматологиялық ауру болып табылады.

Кариестің белгілері әртүрлі – мүлдем ауырмауы да мүмкін, салқын немесе тәтті жегенде байқалуы да мүмкін. Эмальдің көзге көрінбейтін ақауынан тістің әбден бұзылуына дейін апарып соқтырады. Бірінші кезеңдегі жай кариесті тек стоматолог анықтай алады. Ал екінші кезеңдегі кариес сезіле бастайды, тіс жиі ауырады. Үшінші кезеңдегі кариес инфекциясы дентинге тереңдеп өтіп, жүйке тамырлары орналасқан пульпаға дейін барады. Түпкі кариестен пульпит дамып шығады.

Даққа айналған кариес кезеңі (кариозды дақ). Бұл кезеңде тістің эмалі бор дақтарының пайда болуына байланысты түсін өзгертеді. Беті тегіс болып қала беруі мүмкін, өйткені эмаль толығымен бұзылып үлгерген жоқ. Осы кезеңде аурудың әрі қарай дамуына жол бермеу қажет. Жаңа дамып келе жатқан кариесті емдеу әрі жеңіл, арзан, әрі ауырмайды. Бірінші кезеңінде тісті емдеу дақты кетіру тәсілінен тұрады. Содан соң эмальға минералдануға қарсы тұратын дәрмектер (мысалы, натрий фторидінің немесе кальций глюконатының ерітінділері) жағылады.

Беткі кариес. Келесі кезеңде уақытында емделмеген бор дағы қатпарланады. Бұл жердегі тіс ыстық, салқын тамақ тигенде ауырып, тәтті мен қышқыл дәмдерге төзе алмайды. Тістің түбіндегі кариесті емдеу үшін тіс ауданы тегістеліп, содан соң алдыңғы кезеңдегі емдеуге ұқсас, эмальға минералдануға қарсы тұратын дәрмектер жағылады.

Орташа кариес. Үшінші кезеңінде кариес тереңдей бастайды. Дентинді зақымдайды. Тістің зақымдалғаны айқын білініп тұрады. Ауруды сезіну жиілеп, қарқындай және ұзай түседі. Орташа кариесті емдеу үшін тістің зақымдалған бөлігі алынып, дәрі-дәрмектермен өңделіп, пломба орнатылады.

Түпкі кариес. Емделмей қалған тістің зақымдалуы пульпалық дентинге жеткенде түпкі кариес кезеңі басталады. Емдеу амалдары тістің зақымдалған бөлігі алынып, дәрі-дәрмектермен өңделіп, минералдануға қарсы тұратын дәрмектер жағылып, пломба орнатылады. Енді осы кезеңде емделмей қалса, дентин әрі қарай бұзылып, тіс пульпасы (жүйкесі) зақымдалып – пульпитке, оның нәтижесінде периодонтитке апарып соқтырады.

Саят АЙТҚАЗЫҰЛЫ,
ШЖҚ «Талдықорған жоғарғы
медициналық колледжі» МКҚ
«Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.

САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРЫП ЖҮРМЕСІН

Қазіргі таңда болып жатқан ахуалды ақпараттық мәселе коронавирус болып тұр. Коронавирусты тудыратын аурулар жіті респираторлық пневмония, дистресс-синдромға, тіпті өлімге әкеліп соқтырады.

Коронавирустың белгілері: дене қызуының көтерілуі, құрғақ және қатты жөтел, буындардың ауруы, белгісіз ауру сезімі, дәм, иіс сезбеу, қалтырау, көздің көруі нашарлауы, құлақтың ауруы, адамдардың әлсіз тұсына барып қонуы коронавирустың белгілері болып саналады. Коронавирус-пен ауырған адамдардың жазылғаннан кейін тұқым қуалаушылық факторға алып келеді. Мысалы: қант диабеті, кішкентай баладан қарт адамдарға беріледі, буындардың ауруы, құлақтың естімей қалуы, көздің көрмеуі. Коронавирус жұқтырған адамдар және жазылған адамдар емханаға толықтай қаралуы қажет. Көп адам бұл аурумен ауырған кезде жеңіл өткізеді, кейбірі ауыр дәрежеде ауырады, ал кейбірі өліп кетуі мүмкін. Жеңіл өткізген адамдар көбіне жай тұмау деп қабылдады, бірақ бұл аурудың тұқым қуалаушылық факторы бар екенін ұмытпауымыз керек. Артериалдық гипертензиясы бар адамдар бұл аурумен ауырған кезде қаралуы керек. Себебі қан қысымының жоғарылап кетуі, артериалдық гипертония болуы мүмкін. Яғни, қан қысымының 2-ші дәрежесі 160-179-ға дейін көтеріледі, 3-ші дәрежесі инсультқа әкеліп соғуы мүмкін. Сол себепті қан қысымы бар адамдар аймақтық дәрігерге жиі қаралып тұруы керек. Коронавирустың тұқым қуалаушылық факторы яғни, қант диабеті. Қант диабеті бар адамдар бұл жағдайда қаралмаса, қант диабетінен өлуі мүмкін. Бұл аурумен ауырған адамдар жиі-жиі аймақтық және аумақтық дәрігерлерге арнайы анализдер жасап тұруы қажет.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, бұл аурудың алдын алу процестерін жүргізу керек. Біз қоршаған ортаның ресурстары болғандықтан өз-өзімізді күнделікті зиянды әдеттерден сақтап, салауатты өмір салтын ұстана білуіміз қажет.

Мөлдір АХМЕТ,
ШЖҚ «Талдықорған жоғары
медициналық колледжі»МКҚ
«Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РОМАННАН ҮЗІНДІ

КЕК

БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫНЫҢ «КЕК» АТТЫ БҰЛ РОМАНЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЙІПКЕРІ – ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛДАРЫНДА КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ҚЫСЫМЫНА ҚАРСЫ АТАҚТЫ ҚАСТЕК КӨТЕРІЛІСІН БАСҚАРҒАН ОМАРБЕК ЖАНТАЕВ. ДӘУЛЕТТІ ОТБАСЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН ОЛ ЖАСЫНАН АЛҒЫР, НАМЫСТЫ, ҚАТАРЫНАН ОЗЫҚ БОЛЫП, КӨКПАРШЫ, САЙЫСКЕР, ПАЛУАНДЫҒЫМЕН ТАНЫЛЫП, ЕСЕЙЕ КЕЛЕ ҚЫРҒЫЗ, ӨЗБЕК ЖЕРІНЕ МАЛ АЙДАП, КЕРУЕН ТАРТҚАНДАРДЫ ҚАРАҚШЫЛАРДАН ҚОРҒАҒАН ЕР АТАНАДЫ.

Патша өкіметі кезінде де көп қуғын-сүргін көреді. Ал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде Жетісудағы Бекболат Әшекеевтің оң қолы болып, халықты ұйымдастыруға белсене араласып, түрмеге қамалып, Сібірге айдалады.

Омарбектің сан-салалы ғұмыры мұз төсеніп, тас жастанып дегендей аласапыранмен өткен. Оның елі мен жері үшін күрескерлігі, ерлік істері ағылшын Робин Гудтың әрекеттерінен де асып түседі. Көпшілік ұғымында ол – қайталанбас батыр, халық қаһарманы, күрделі тұлға.

Ұжымдастыру атты солақай науқанға қарсы болып, Суықтөбе тауының күнгейтеріскейінде мыңға жуық көтерілісшілерді басқарып, үш жыл шайқасады. Жанында жүрген сатқынның кесірінен қайран ер қызыләскер қолынан қапыда мерт болады.

Омарбектей қайтпас қайсар батырдың тұлғасы ел есінде. Оның үнемі биікті аңсайтын қыран жүрегі мен өр кеудесінің сыры осы кітапта шиеленіске толы, қат-қабат оқиғалар арқылы жан-жақты ашылып, тартымды суреттеледі.

АРПАЛЫСПЕН ӨТКЕН КҮНДЕР

Омарбек пен Тәліптің қол жиып, бірде Суықтөбенің басында, бірде Ырғайты мен Жаманты тауларының сай-шатқалдарына тығылып, кеңес отрядтарымен шақ-шәлекей соғысып жүргеніне жылдан асты. Бұларға Ұзынағаш пен Қастек, Самсы мен Үшқоңыр жақтан үш жүздей кісі келіп қосылды. Меркі мен Қордай жақтан жүз қаралы жігіт жиналды.

Әсіресе жан жолдастары өртке бірге оранып, халқы үшін қан құсқан күнгейден келген Ағынтай мен Ақтеректік Сматайдай ерлердің соңынан жүз-жүзден сарбаз еріп келді.

Қай кезде де елдің артында қалатын, зәбір мен жапаны көп көретін шаруалар ғой. Бұрынғы заманның кедейлері қазақтың бауырмалдығы мен ағайындық өзара көмегінің арқасында аштан өліп, көштен қалмайтын. Екі-үш жылдан бері өкімет байлардың мал-мүлкін тәркілеп, жарлыларға бөліп берген. Кеңес орнағалы кедейдің бүйірі бір томпайса, сол кезде бір томпайған еді. Бірақ артынша әлгі малдардың бәрін қайта тартып алып, бір бөлігін Алматыға асырды, бір бөлігін етке өткізді, қалған аз тобын колхоз қорларына тықты. Содан кедейлер өкіметіміз деп көкитін кеңес белсенділері ауылдардағы шаруа баққандарды қу тақыр кедейлендіріп, күн көріс нәпақасынан айырды. Алдында бір кеңсеге бағынатын, еңбегі де ортақ, егісі мен малы да ортақ шаруашылық, одан кейін колхоз құрамыз деп шапқылаған белсенділер ауыл-ауылдарды бір-бірімен қосып ұрандатқанымен, мал басын, егіс көлемі азайып кетті. Аш-жалаңаш қара шаруа әбден күйзелді. Тарыққан шаруа не істейді, өздерін осындай кепке түсірген белсенділердің сазайын беру үшін Омарбек сынды қаһармандарға қосылады да. Осы себепті ғой, бір жылдың ішінде Омарбектің маңына осыншама адамның жиналып топталғаны.

Көтерілісшілер Суықтөбе етегіндегі, Қастек пен Ұзынағаш, Меркі мен Қордай төңірегіндегі ауылдардың белсенділерін қолға түсіріп, кейбірін ашумен өлтіріп те қойды, кейбірін таяқтап, өлімші хәлге түсірді. Қоралардағы малдарды, қоймалардағы астықты талап алды. Аудан-ауданның басшылары, қала берді, олардан жоғарырақ кеңселердегі бастықтар ес жиып, көтерілісшілерді біржола құртуды жоспарлап жапты.

Осындай қарбалас кезінде Омарбек елге тізе батырған кейбір кісілерден жекелеп өш алмақты ойлады. Баяғыда Суықтөбе төбесінде Әлжанға әбден ұрғызып, кейін байлаулы күйінде тірі қалдырып кеткен Байсал деген мілісә бастығы бүгінде Ұзынағашта үлкен дөкей болыпты. Олардың сол кезде байлаудан қалай босанғаны, елге қалай аман келгені белгісіз, белгілісі – содан кейін Байсал Омарбекті шарқ ұра іздепті. Бұл қырғызға кеткенде мұның артынан іздеуші өтрәд жіберген де – сол екен.

Ұзынағаштан келіп, көтерілісшілердің қатарында жүрген оңбаған Омарбекті жақын жерде тау қиясынан тұрып атқан. Құдай сақтағанда, оның оғы дарымай, қасында тұрған Тәліптің қақ жүрегіне тиген. Анау пәле мылтығын екінші рет оқтап үлгергенше, Омарбектің сарбаздары бас салып, әп-сәтте аяқ-қолдарын матап тастаған. Сөйтсе, ол Омарбекті өлтіруге жіберген Байсалдың адамы екен. «Жаздым-жаңылдым» дегеніне қарамай, сарбаздар аяусыз төбелеп, өлтіріп тастаған.

Байсал одан кейін де екі жансызын жіберген. Бір жансызы өзінің кім екенін өзі бірден мойындап, ауылына қайтып кеткен. Екіншісі Омарбекті пышақтамақ болғанда қапы кетіп, қолға түскен. Оны да көтерілісшілер ұрып-соғып, майып қылып еді. Содан бері Байсал ары-бері өткендер мен жалпы жұртқа «Омарбектің ажалы – менен! Мен оны өлтіргенде жай өлтірмеймін. Жұрттың көзінше, алдымен екі көзін ойып аламын да, бұтына қылбұрау салып, өкірген дауысын сонау Суықтөбенің басынан Ыстықкөлге дейін еститіндей зорлап, қинап барып өлтірем!» деп көкиді екен.

Мұның қасына жиналған көтерілісшілер біраз уақыт әр ауылға шабуылдап, мал жинап алған соң бір жетідей тау басына қосын тігіп жатты. Мылтықтары аз, есесіне сойыл-шоқпарлары көп мұнша жігітті бір қосында ұстап тұру оңай емес. Олардың күнделікті ас-ауқаты мен жатын орындары да көп мәселе тудырды. Омарбек осы себепті әрі қасына жиырма шақты жігітті ғана алып қалып, қалғандарын «Біз аттан салған кезде дереу осында жетіңдер!» деп ауылдарына қайтарған. Омарбек енді Ұзынағаштағы Байсалдан кек алуды жоспарлады. Бұл ойын соңғы кездері өзіне ең жақын серіктері болып жүрген Сматай мен Шалтабайға білдірген. Мұның алған бетінен қайтпайтынын білген екі сарбазы: «Сенімен біз де ілесіп баралық» деген. Бірақ Омарбек: «Сендер осы жердегі жігіттерге бас-көз бола тұрыңдар. Одан соң Байсалда менің ғана кегім бар. Бір өзімнен артылмайтын іске екеуіңді кірістіргенім жөн болмас» деп көнбеді.

Омарбек қасына Құлбекті ертіп, күн шыға жолға шықты. Бұған бұл жердің әрбір ой-қыры таныс. Биік-биік қыратжоталар мен терең-терең сай-салаларды кесіп өтіп, Ұзынағашқа көз байланған кезде жетті.

Ауыл сыртындағы Шірікбайда деген қалыпты сайда үш-төрт сағат аялдап, ел жатар мезгілді күтті. Байсалдың тұратын үйін білетіндерден әбден сұрастырып алған. Ол баяғы патша жандаралынан қалған осындағы ең әдемі, биік еңселі үйді иемденіп алыпты. Оның жанында өзіне орынбасар болып жүрген Әліксандр деген орыс міліса тұрады екен. Оның да қазаққа көрсетпегені жоқ деген біреулер. «Алдымен Байсалды жайғайын, одан соң сол орысқа кезек келер» деп ойлады.

Қыркүйектің айсыз түні жарымына ауғанда екеуі жай аяңмен Байсалдың үйіне таяды. Алдынан екі-үш ит жүгіріп шықты. Иттер бұлардың аттарының тура алқымынан ала түсердей, бірден тап берді. Қою қараңғы болса да байқады, үш иттің алдындағысы бөрі алатындай кейіптегі дәу екен.

Дәу ит екі-ақ мәрте үріп, Омарбектің алдына таяғанда өзінен-өзі қалт тұрды. Бүкіл ауылды басына көтере шәуілдеген соңындағы екі иттің де осы мезет үндері сап тыйылды. Олардың осы қылығынан Омарбек мына дәу иттің сырттан тұқымдас хайуан екенін бірден білді. Себебі сырттан қимыл көрсетпесе немесе үрмесе оның тобындағы басқа жаман-жәутік те үн шығармай, құйрықтарын қысып, жатып қалатынын бұл жақсы біледі.

Иттердің жаңағы дауыстарынан оянса керек, аздан кейін үлкен үйдің есігі ашылды.

– Кім-ей, түн ішінде есігімнің алдына ат ойнақтатып келіп тұрған?! –деп гүж етті есік ашқан кісі.

Омарбек таныды – Байсал. Оған кекете жауап қатты:

– Бері шықсайшы,

– Тұра тұр, киініп шығайын. Кім екенінді сосын көрермін.

Байсал сес көрсете сөйледі. Сөйтті де, көп кешікпей, үстіне жеңіл жамылғысын киіп, тысқа шықты. Шыға сап, бұған емес, иттеріне қарады. Сірә, иттерінің бөтен кісіні үйге қалайша жақындатып қойғанына танданыс білдірсе керек. Өзінен-өзі күбірлеп, онысын сездіріп те қойды. «Жақтарың қарысып қалғырлардың үндері неге шықпай қалған?»

– Иә, жігітім, кімсің?!

Омарбек аттан секіріп түсті де, оның ішіне мылтығын тақады. Байсал сасқалақтап, тұтыға сөйледі:

– Уа-а-аа-ай, уа-а-аа-й, жіг-гг-ііт, мұның не-е-е?

– Танымай тұрмысың, жауыз?! Өзің өлтірем деп жүрген адамың жаныңды алғалы келді.

– Өй, өй-й, Оммм-арр-бекк-пії-сіің?! Әй, әй, қай-йд-да-ан жү-рр-ссің?!

– Дүрілдеме, оңбаған! Үйде кім бар?

– Қатын екеуміз... және бір қонақ бар...

Осы сөзді зорға айтты. Омарбек мылтығын оның жүрек тұсына қадап итеріп, үйіне кіргізді. Үйде екі орыс шамы жанып тұр. Кең салынған төсекте бәйбішесі пысылдап ұйықтап жатыр. Бұлардың кіргенін сезер емес. Арғы бөлмеден бір еркектің қорылы естіледі. Омарбек Байсалды артынан теуіп, сыртқа қайта шығарды. Сосын тағы екі-үш мәрте теуіп, үйден қашықтау жерге әкелді.

– Өткен-кеткеннің бәріне мені азаптап өлтірем деп жүр екенсің ғой. Сол арманыңа жетуіңе мүмкіндік берем. Мен мылтығымды лақтырам да сенімен жекпе-жек төбелесем. Ез емес, еркек болсаң, даусыңды шығармай, бақырмай-шақырмай менімен төбелес! Егер жеңсең, шын сөзім, қолыңнан өлуге дайынмын.

Осы замат анаған тіл бітті. Толық денесі теңселіп, Омарбектің алдына етпеттей сұлады:

– Ойбай, Омарбек-ау, өкімет қой саған қарсы жұмсаған. Мен қайтем енді... сондай қызметте болғасын... Уай, кешір, Омарбекжан. Қайбір жылы да өлтірмей кетіп едің ғой. Менімен төбелес дейсің, менде төбелесетін қауқар жоқ. Белім ауырады. Аяғым да сау емес. Баяғыда әне бір оңбағанға бәрімізді сабатқаныңда ол хайуан оң қолымды сындырып тастаған. Содан бері қолым да жөнді істемейді. Жалпы, өзімнің саған деген жаулығым жоқ. Жоғарғы жақтағы бастықтар ғой, бәріне жұмсайтын...

– Сен, итаршы, осы жалынышты, өтірік сөздеріңмен мені жібітемін деп ойлайсың ба?! Сен де, жоғары жақтағы бастықтарың да, аудандағы белсенділер де қазір менің бітіспес жауыма айналған. Ал жауды өлтіру – білесің ғой, мендей қарақшыға серт екенін.

Өліп қаламын ба деп жаны қалмаған Байсал Омарбектің етігін құшақтады:

– Ойбай, Омарбекжан! Тартшы мылтығыңды! Не сұрайсың менен?! Бәрін берейін. Тек өлтірмеші... Омарбектің ойын осы Байсалдың ауыл-ауылдағы белсенділерден ақша жинайтыны, одан бөлек байлардан алынған малдардың біразын өз пайдасы үшін тауға тықтырып, біреулерге бақтырып жүргені түсті. Түсті де, анаған қатал сауал қойды:

– Тірі қалғың келеді-ә, сұмырай! Иә, тірі қалғың келеді. Онда маған белсенділер берген ақшаларды бер, баяғыдағы кәнпіске кезіндегі қолды қылып, тығып қойған малдарыңның қай жерде екенін айт! Сонда өлмейсің!

– Ойбай, Омарбекжан! Айтып тұрған ақшаларың не, малдарың не? – деп атып тұрды.

Омарбек мылтық дүмімен ішіне бір қойды. Қарнына оңбай тиген соққыдан Байсал екі бүктетіліп, төмен шөкті. Осы кезде желкеден тағы бір соққы тиді.

– Мен үшінші рет ұрмаймын! Үшінші қол көтеруім – сенің о дүниеге аттанатыныңды білдіреді.

Мына сөздерден ананың есі кірді ме, тілі дереу шықты:

– Олай етсем, Алматыдағы жолдастар мені құртады ғой.

– Ойпырым-ай, олар жолдас па саған?! Қане, орында айтқанымды!

Байсал әрнені бір айтып, қолында

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

РОМАННАН ҮЗІНДІ

бір тиын ақшасы жоқтығын, алтын мен жылқылардан еш хабарсыз екеніне ант-су ішті. Омарбек тағы төбелеп бергенде, беті бері қарайын деді:

– Ойбай, Омарбек! Болды, болды, ұрма! Сұраған ақшаңды берейін. Ал баяғы кәнпісте өкіметтен жасырып тыққан елу шақты жылқымыз Сусамырдың беліндегі қорада. Жылқыларды өз ауылыңдағы Тоқтардың бұрынғы малшылары Есентай мен Кендебай бағады. Жылқылар мейлі, үйден ақшаны қалай алып шығамын. Үйде Алматыдан келген бір ұлық жатыр. Ол жақын күндері сендерді құртуға шығатын отрәдтің көмәндірі. Бұл жаққа алдын-ала шолу жасауға келген. Ертең Әліксандр және ол үшеуміз бір топ мілісалармен сендердің ауылдарыңа барлау жасап қайтпақшы болып отырғанбыз. Ал ол Алматыға қайтқанда мендегі ақшаның біразын алып кетеді. Ақша жоқ болса, ол мені өлтіріп қояды ғой.

Омарбектің ұстайтын адамы екеу емес, енді үшеу болды. Біреуі қолда тұр. Ал анау екеуін қайтқенде де қолға түсіру керек. Осы ойға бекінді:

– Алматыдан келген ұлық көмәндірің қазақ па, орыс па?

– Орыс – Нобікоп деген. Шені – капитан. Кешке араққа әбден тойып, қорылдап ұйықтап жатыр.

– Әліксандр деген жәрдемшіңнің үйі қайда? – деді Омарбек алдымен соны қолға түсірейін деген ниетпен. Ал Нобікоп дегені мас болып ұйықтап жатса, әзірше қауіп емес.

– Әне, қарайып тұрған үй – сонікі. Оны не қыламыз, ай, иі, не қыласың дегенім ғой.

– Не қылатынымда шаруаң болмасын. Тап қазір оны оятып, алдыма әкелесің!

– Жарайды, Омеке! Осында күте тұр, қазір алдыма салып айдап келем. Желкемнен қолыңды босатсайшы, барып келейін.

– Тапқан екенсің, ақымақты! Мен тура бүйіріңе мылтықтың ұңғысын қадап тұрамын. Сен оны дауыстап шақырасың! Бірдеңе деп белгі беріп қойсаң, біліп қой, сөзге келмей ата саламын.

– Мақұл, мақұл, Омеке! Тек атпашы. Әлеқсандр кәпір ғой ғой, соны-ақ құрбандыққа шала салшы. Ал мен саған бауырмын ғой...

Оның мына сөзіне Омарбек қайран қалды. Тек желкесінен қаттырақ нұқып, Әліксандрдың үйіне жақындады. Есік алдында Байсал оның атын бірнеше мәрте дауыстап атап, сыртқа шақырды. Қанша дегенмен Байсал оған көмәндір де, анау мұның даусын есіткен замат: «Байсал Керимович, что-то случилось? Что в среди ночью... все в порядке? Или Артем Новиковичом случилось что?» деп бұларға таяй бергенде, Омарбек мылтығымен басынан аямай бір қойды. Ол пәле ұзын неме екен, кескен теректей сұлап түсті.

– Сүйреп жүр! – деп бұйырды Омарбек Байсалға.

Байсал сорлыда бұйрықты орындамауға жоқ, Әліксандрді өз үйінің алдына дейін серейтіп сүйретіп әкелді. Омарбек атының шылбырын шешті де, Байсалға оны байлап тастатты. Оны байлап, есік алдына тастаған соң, Байсалды алдыға салып, үйіне кірді. Мұнда бір орыс шамы жарқырап жанып тұр. Төрдегі кішкене нар секілді ағаш кереуетте қорылы бүкіл тамды жарып, дөңкиіп біреу жатыр. Омарбек оны сол жатқан күйінде тырп етуге шамасын келтірмей байлатып тастады. Содан соң Байсалға даладағы Әліксандрды ішке кіргіздірді. Теңкиген ұзын немені Байсал ыңқылдап, зорға сүйреп келді. Бұл кезде оның қатыны да дүрсілден оянып, екі бетін баса не қыларын білмей отырған. Әліксандрды төрдегі командирдің жанына жатқызған соң Омарбек Байсалға бұрылды:

– Ал, қатыныңа айт: бізге шай қойып, дастарқан жайсын! Ақыры мына көмәндірің оянғанша, анауың есін жиғанша біраз отырармыз.

Дәу әйелі шошынып, Омарбектің қатал түрін көргенде Байсалдан бетер құрақ ұшты. Ылдым-жылдым қимылдап, дастарқан жайды. Самауырынға қойған шайы да тез қайнады. Даладағы қазанға түннен қалған жылытпаны да жылытып, дастарқанға қойды. Бәрі дайын болғанда, Омарбек қатынды да далаға шығартпай, дастарқан басына отырғызып қойды. Байсал: «Міне, бар жиып-тергеніміз – осы», - деп, төргі бөлмеден бір кішкене кебеже толған ақшаны әкелді. Омарбек ақшаның қанша екеніне назар да салған жоқ, иығына үнемі асынып жүретін қоржынына бәрін төңкере салды.

Үшеуі үнсіз отырып шай ішуге кірісті. Аздан соң ана бөлмеден ыңырынған еркектің дауысы шықты. Артынша жер жарған қорылдың да үні сап тыйылды. Есесіне, орысша боқтық араластырып айқайлаған командирдің барылдаған даусы шықты. Байсал сол жаққа бармақшы болып атып тұрып еді, Омарбек аяғынан шалып қап, етпетінен түсірді:

– Оңбаған жетесіз! Саған қазіргі қожайын ол емес, мен екенімді ұмыттың ба?!

Байсалды желкесінен сүйрелей,

екі орыс жатқан бөлмеге келді. Жаңа ғана қорылдап жатқан командир өзінің қалай байланып қалғанын білмей аласұрса керек, кішкене нар кереуеттен аунап түсіп, үй табанында жанталаса дөңбекшіп жатыр. Ұзынтұра Александр де дуал түбіне жабысып қалыпты. Ол да қандай күйге түскенін әлі аңдамаған-ау, әсте, Байсалды көргенде ақырып берді:

– Байсал, как понять это?! Что со мной, вернее, что с нами с Артем Новиковичем?!

Байсал оларға орысшалап болған жайтты түсіндірді. Анау екеуі жатқан күйлері Омарбек пен Құлбекке тесіліп, не айтарларын білмегендей біраз уақыт жым болды. Әлден соң Новиков сөйледі. Бірдеңелерді жер тепсіне өкініп, тістене айтты. Оның не дегенін Омарбек түсінген жоқ. Байсал сөзін аударып берді: «Атышулы бандит Омарбек Жантаев деген осы ма? Нәлеті, қапыда басқанын қарашы. Кіммен ойнағанын біле ме екен? Одан да мені тез босатсын да, кешірім сұрасын. Әйтпесе, ертең дарға астырып, көзін құртамын деп жатыр». Омарбек Байсалға бұйыра ақырды:

–Құлбек екеуің бұларды бір-біреулеп сүйрелеп, далаға алып шығыңдар! Тез, қане тездетіңдер!

Далаға шыққан соң Құлбектің үш-төрт тоқпағы өздеріне тигенде Омарбектің ойнап тұрмағандарына шын көздері жетті ме, Новиков пен Александр жалына тіл қата бастады. Айтуларынша, «өздері тек бұйрықты орындаушылар екен. Сол үшін де, Омарбек жазаласа, Алматыда отырған үлкен дөкейлерді жазаласын. Байсалдың үйінде қалған папкіде өкіметтің Омарбек бастаған бандиттерді қалай жою керектігі жайында арнайы бұйрық бар екен.

Омарбек сенбесе, соны көрсін де, өкіметті ашуландырмай, бұларды жібере салған жөн. Сонда өкімет тарапынан бандиттерге кешірім жасалады екен».

– Сендер бұйрықты орындаушылармыз деп мүләйімсімендер. Бұйрықты орындаушы итаршымыз десеңдер, құлағыма кірер еді. Бүкіл қазақ елін адам құрлы көрмей басынғандарыңда – үлкен батырсыңдар, жұртқа кеңес бергендеріңде – ақылдысыңдар, ауылдағы момын қауымды жөнсіз қинағандарыңда – әкімсіңдер ал қолға түсіп, бастарыңа күн туғанда – кінәні біреуден іздейтін амалсыз адам бола қаласыңдар. Бір сөзіңе сенбеймін сендей сұмырайлардың! – Сосын мылтықтың дүмімен жерде жатқан Новиковтың иегін көтерді

– Жаңа сен өзің бұйрық беріп жатыр едің ғой. Ертең де өзің бұйрық беріп, амалсыздан көтерілген қазақтарды атуға бұйрық бересің ғой! Айтпақшы, сені өтірсем, қатын-балаңа обал болады екен-ә... Ал менің соңымдағы жігіттерді қырып салғандарыңда, олардың өздеріне, артында қалған қатын-балаларына обал болмай ма?! – деді Омарбек қадалып.

Осыны айтты да, аузына табанымен бір тепті. Одан соң Александрды тепкінің астына алды. Ол бақыра беріп еді, Құлбек аузын басып, басын өлгенше жерге соққылады. Анау енді үн шығармайтындай халге жеткенде, ұруын доғарды. Омарбек Байсалға бұйырды:

– Бар да, Құлбек екеуің үйіндегі мына көмәндіріңнің папкісін әкел: Онда бізге қатысты өкіметтің қандай бұйрығы бар екенін көрейік.

Байсалдың кетуі қандай болса, келуі де сондай жылдам болды. Омарбек папкіден қағаздарды шығарып, Новиковтың иегіне тақады:

– Айнала қараңғы ғой, мына қағаздардағы жаңа өзің айтқан бұйрықты оқи алмайсың, ә?

Новиков бірдеңе айтты. «Бұйрықты жатқа білемін дейді» деп, Байсал оның сөзін аударды.

Облыс әкімі үндеуінде ең алдымен, отбасындағы адамгершілік – рухани тәрбиенің жетіспеушілігі деп ойлайтынын, екіншіден, мектептегі тәрбие беру жүйесінде ұстаздар мен әскери патриоттық тәрбие жастарға жеткіліксіз берілгендігін, ең алдымен адамға, қоршаған ортаға, қоғамның мүлкіне жанашырлықпен қараудан бастаатынын айтады. Үшіншіден, жергілікті билік пен қоғам өкілдері жол берген кемшіліктерін саралап, жаңаша қорытынды жасауы керек деген ойын да ашық білдірді. Мұндайда атамыз қазақтың «Балық басынан шіриді» деген сөзі ойға оралады. Осы тұста ашығын айтсам, аудандағы мектептерге басшылық жасап, бағыт-бағдар беретін қорғаныс оқу бөлімі басшылары мектептерден арыз, шағым түссе барады, кездесуге шақырсаң неше түрлі сылтау айтып бармайды. Өйткені әскери патриоттық тәрбиенің басы қасында жүрген жауапты мектептегі АӘД пәнінің мұғалімі бір ғана оқытушы болғандықтан, мектеп директорлары бастаған ұстаздар қауымы мереке күндерін бірлесіп өткізулері керек екендіктерін біледі, дей тұрғанмен көпшілігі мектептегі тәрбиенің өзіне қатысы жоқ деп ойлайды. Жыл сайын аталып өтілетін 9 мамыр еліміздегі ең маңызды мерекелердің бірі, халқымызға Жеңіс әкелген – Ұлы күн. Соғыс ардагерлері мен тыл ардагерлерінің ерлігі – батылдық табандылық, қайсарлық, Қазақстанның өскелең ұрпағы үшін өміршеңдік символы болып табылады. Мектепте 7 – мамыр Отан қорғаушылар, 9 – мамыр жеңіс күндерімен бірге күнтізбеде көрсетілген мереке күндері аталып өтілмейді. Ұлы Отан соғысы, Ауған соғысы ардагерлері мен мектеп директоры қолдап көмектеспейді. Көп ұлтты Кеңес одағында нағыз патриот болған ата, аға буынның ерліктерін кездесуде дәріптеп айту, жастар тәрбиесіне де тигізетін әсері мол. ҚР танымал ірі тұлғаларды ауылға, ауданға шақырып, мектепте, колледжде мәдениет үйлерінде кездесу өткізу жыл өткен сайын ескерусіз қалып барады. Халық қаһарманы, Еңбек ері, Парламент мәжілісінің депутаты, Олимпиада чемпионы, генерал, офицер, әскери курсанттармен кездесулер өткізу керек. Өкінішке қарай мұндай шаралар өткізілмейді. Халық қаһарманы Б.Момышұлының «Билік кімде болса, сұрау сода» деген сөзі өте орынды айтылған. Себебі аудандағы қорғаныс, оқу бөлімі бастаған директорлар қауымы өзіміздің аудандағы танымал тұлғаларды, дербес зейнеткерлерді шақырып, азда болса да ақыл-кеңес сұрамайды, олардың бар жоғы да білінбейді. Облыс әкімінің *«Ел-жұртына танымал қадірменді ақсақалдарымыз, сөз тізгінін ұстаған азаматтарымыз, ардақты аналарымыз, ой-өрісі кемел жастарымыз атсалысуы керек»*, – деп айтқан сөзін ауыл әкімі мен мектеп директорлары газеттен оқыса жіберген қателіктерін ойланып, түзетер. Кейбір мектеп директорлары кездесу өткіз деп айту былай қалсын, мектептегі әскери патриоттық тәрбие беретін АӘД пәні оқытушыларының қандай міндет атқаратынын да білмейді. Жыл сайын мереке қарсаңында мектептерге шақырып, үлгі-өнеге алатын әскери патриоттыққа тәрбиелейтін кездесу жиын өтпейді. Қазір көп жас, әсіресе, мектеп оқушылары кітап оқығанның орнына ұялы телефоннан көз алмайтын болды. Интернеттен неше түрлі атыс шабысты көреді.

Жалпы, бүгінде мектептегі ұстаздар берген тәрбие ұлтымыздың қазақи салт-дәстүрді саралап бағалауы жетіспейтіндігі байқалады.

Айтарым, өз елімді, жерімді, Отанымды қорғауға қызмет етемін деген адал сезімді, отбасынан, балабақшадан, мектептегі ұстаздармен бірге екі жыл оқитын АӘД пәнінен алған білімімізді бағалай білейік. Әскерге бару, әскери ант қабылдау – ер азаматтың Отан алдындағы міндеті мен борышы. Бұл Ата Заңымызда қойылған талаптардың бірі деп білген жөн.

Әсет АЛЖАНБАЙ,
Білім беру ісінің үздігі, дербес зейнеткер.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ӨЗІҢМЕН ХАЛҚЫМ БІРГЕМІН

Азаттығым түсті бүгін талқыға,
Сабыр берші парасатты халқыма.
Ақ ниетін пайдаланып елімнің,
Арамзалар дақ түсірді парқыма.

Асыл елім айналайын айбарым,
Намысыңды рухыңа қайрадың.
Содырлардың қолыменен Елтаңбам.
Отқа жанды көк аспандай байрағым.

Өртенеді, өртенеді өзегім,
Бір сұмдықтың барын анық сеземін.
Дәл осылай тонамайды ешқашан,
Өз ұланы өзі туған өз елін.

Бейбіт күнмен таба алмаған жарасын,
Күмәнді топ тұман басқан санасын,
Дәл осылай таламайды өлсе де.
Өз ұланы өзі туған анасын.

Бабалардың батасымен жаңғырып,
Ата берер ел аманда таң күліп.
Тәуелсіздік туын ешкім жаға алмас,
Қазақ елі жасай берерсін мәңгілік.

Бақытбек СМАҒҰЛ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

МЕДИЦИНА

ДӘРІГЕР МЕРЕЙІ АРТҚАН КҮН

МЕДИЦИНА саласында өзіндік орны бар алтын қолды дәрігер, облыстық аурухананың директоры, PhD докторы, облысымыздың бас травматолог-ортопеді – Монгол Анарбек МОНГОЛХАНҰЛЫ денсаулық сақтау саласындағы еселі еңбегі үшін Қазақстан Республикасы «Ерекше тәуекелді солдаттар» қоғамдық бірлестігінің «Медициналық көмек көрсетуге қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен марапатталды.

БҮГІНДЕ өз ісіне шынайы берілген алтын қолды дәрігер көмегіне тек облысымыздың ғана емес, еліміздің әр аймағынан жүгінетін жандар көп. Ол қашанда алдына келген адамға көмек беруге, оның ауруын емдеп жазуға күш жігерін аяған емес. «Медициналық көмек көрсетуге қосқан үлесі үшін» төсбелгісі оның денсаулық сақтау саласындағы ерен еңбегін бағалау деп білеміз.

Алтын қолды дәрігерді қол жеткізген марапатымен шын жүректен құттықтаймыз. Ел алдындағы еңбегіңіз жана берсін!

Дәрігерлік жолдағы жарқын ісіңізді бағалауда берілген марапатыңыз құтты болсын, құрметті Анарбек МОНГОЛХАНҰЛЫ!

Талдықорған қаласындағы облыстық аурухананың баспасөз қызметі.

ДЕНСАУЛЫҚ

COVID-19 ІНДЕТІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

ІНДЕТТЕН КІМ ҚАНДАЙ САБАҚ АЛДЫ? КАРАНТИН АЯҚТАЛҒАННАН КЕЙІН БҰРЫНҒЫ ӨМІРГЕ ОРАЛАМЫЗ БА? – ДЕГЕН СҰРАҚ ӘРКІМНІҢ САНАСЫНДА ОРЫН АЛҒАН.

Осыдан екі жыл бұрын бетперде тағу, қолды жиі жуу, адамдар арасында қашықтық сақтау күнделікті әдетке айналады десе, көпшілігіміз сенбес едік. Бірақ әлемнің тыныштығын қашырған коронавирус адамдарды осындай дағдыға үйретті. Дәл осы дағдылардың арқасында ғана қатерлі дерттің алдын алуға болатынын көрсетті. Жас (возраст) – коронавирустық аурулардағы өлім-жітімге әсер ететін негізгі факторларының бірі. Алғашқы COVID-19 жұқтырған Қытайда жүргізілген зерттеу көрсеткендей, адамның жасы неғұрлым үлкен болса, коронавирустың салдары соғұрлым қауіпті болады.

Еге және кәрілік жастағы адамдардың осалдығының жоғарылау себептері – кәрілік астения синдромының болуы, физиологиялық резервтердің төмендеуі, дененің жалпы төзімділігі мен тұрақтылығы, денсаулыққа байланысты көптеген проблемалардың болуы. Еге жастағы адамның вируспен байланысын болдырмауға бағытталған кешенді күш-жігер, атап айтқанда әлеуметтік қашықтық пен қатаң гигиеналық шараларды сақтау өте маңызды.

Қарт адамдарға келесі шараларды қабылдау қажеттілігі туралы хабарлау керек: аса қажет болмаса, көшеге шықпаңыз, қоғамдық орындарға бармаңыз және қоғамдық көлікті пайдаланбаңыз; туыстары мен достарына барудан және керісінше - туыстары мен достарының қарт адамға баруынан аулақ болыңыз; қазіргі заманауи байланыс құралдарын қолдана отырып, туыстарыңызбен және достарыңызбен байланыста болуды ұмытпаңыз; егер сыртқа шығу немесе қоғамдық жерде болу қажет болса, басқа адамдардан кемінде 1 метр қашықтықта болыңыз; қолды сабынмен мұқият жуыңыз, кем дегенде 20 секунд көбіктеңіз, әсіресе көшеден оралғаннан кейін, арнайы қол антисептиктерін қолданыңыз, бетіңізге қолыңызбен тиіспеңіз; симптомдар пайда болған кезде (қызба, құрғақ жөтел, ентігу) дәрігерді үйге шақырыңыз, бірақ емханаға дәрігердің қабылдауына бармаңыз; азық-түлік пен дәрі-дәрмек сатып алу қажет болса, әлеуметтік қызметтен көмек сұраңыз; еге және қарт жастағы пациенттерге көмек көрсететін медициналық ұйымдарда, қарттар үйлерінде эпидемияға қарсы және санитариялық шаралар қатаң сақталуы тиіс.

Жанель КЕНЕСБЕКОВА,
ШЖҚ «Талдықорған жоғары медициналық колледжі» МКҚ «Мейіргер ісі» 502 тобының түлегі.

МҰРАЖАЙ

ӨНЕГІЛІ ҰРПАҚ ОРДАСЫ

ЖЫР ДҮЛДҮЛІ ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН КӨПШІЛІК АРАСЫНА КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУДЫҢ ОРТАЛЫҒЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА 1984 ЖЫЛЫ АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МУЗЕЙІ АШЫЛЫП, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫНА 38 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Алты бөлмеден тұратын музей үйінде Ілияс Жансүгіровтің құжаттары, баспа ісіне пайдаланған машинкасы, өзі сатып алған кілемі, киген плащы, ұстаған таяғы, дәм татқан ыдыстары, қолжазбалар қоры, әр жылдары шығарылған кітаптары және ақын творчествосын зерттеушілердің еңбектері сияқты алты мыңнан астам құнды жәдігерлер сақтаулы.

Ілияс Жансүгірұлының құлағына азан шақырып, «Қызырілияс» деп есімін қойған, кіндік әкесі саналатын қобызшы Молықбай Байсақұлының қасиетті қоңыр қобызы музейдегі құнды экспонаттардың бірі. Бүгінгі күні Ілияс Жансүгіров шығармашылығы мен қоғамдық қызметтеріне қатысты сирек материалдарды, құнды жәдігерлерді көруге көрермендердің қызығушылығы артуда. Жылына, 10000-ға жуық көрермен музейдің жұмыстарымен танысады. Көпшілігі оқу бағдарламасы бойынша мектеп оқушылары мен дипломдық, курстық жұмыстарға дайындалушы студент-жастар.

Музей жұмысын насихаттау, елге жеткізу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының көмегін тиімді пайдаланып отырамыз. Қалалық, облыстық газет-журналдар мен телеканалдардан музей тынысы туралы тұрақты түрде материалдар беріліп тұрады. Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейінде ақынның туған күніне және қаза болған күніне арналған еске алу кештерін ұйымдастыру, құран бағыштап, зиярат жасау көпшілік жиындар өткізу дәстүрге айналған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс»,* – деп атап өткен болатын. Шынында да, музей уақытқа бағынбайтын, алмасып жатқан ұрпақтар жалғастығын үзілдірмейтін алтын арқау. Өткен мен бүгінді, бүгін мен болашақты жалғастырар мәңгілік көпір.

Нұргүл ЖАУЫНБАЕВА,
Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің меңгерушісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

УКАЗ ПРЕЗИДЕНТА

ОБРАЗОВАН ГОРОДСКОЙ СУД И НАЗНАЧЕНЫ ЕГО СУДЬИ

Президент РК К.К.Токаев утвердил создание суда в Косшы и назначил судей.

Указом президента в городе Косшы образован городской суд и назначены его судьи. Текст указа опубликован на сайте информационно-правовой системы «Адилет». В соответствии с указом, президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев постановил образовать суд города Косшы Акмолинской области.

Кроме того, президент распорядился назначить на должности судей Мерзадинову Динару Сталбековну и Халмурзаева Мурата Мауленовича. В тексте того же указа говорится, что новые судьи города Косшы были освобождены от предыдущих должностей.

«Верховному Суду Республики Казахстан, Высшему Судебному Совету Республики Казахстан принять меры, вытекающие из настоящего Указа», — распорядился Токаев.

Указ вступил в действие со дня его подписания.

Напомним, что в июле 2021 года указом главы государства село Косшы Акмолинской области получило статус города областного значения. Акимом города Косшы стал Гайдар Касенов.

НОВИНКИ

ЭФФЕКТИВНОСТЬ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Совершенствование судопроизводства связано с широким применением инновационных технологий. Поскольку, одной из процессуальных гарантий справедливого и демократического правосудия признается возрастание роли принципов открытости, прозрачности, гласности, публичности, доступности судопроизводства.

Упростить процесс отправления правосудия, избавить его от лишних бюрократических процедур – теперь стало возможным и несложным при активном внедрении новых информационных технологий, прочно вошедших в повседневную жизнь граждан и работу органов государственной власти, что позволяет избежать многих неудобств и получить максимально эффективный результат при минимальных затратах временных и финансовых ресурсов.

Благодаря внедрению информационных технологии в настоящее время электронные сервисы «Судебный кабинет» и «Ознакомление с судебными документами» доступны через официальный сайт Верховного суда http://www.sud.kz. Получить данные услуги может любой гражданин республики, имеющий электронную цифровую подпись. Физические лица и их представители, представители юридических лиц вправе представлять в суд электронные документы, посредством заполнения электронных форм, размещенных в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет». Для этого указанным лицам необходимо зарегистрироваться в электронном информационном сервисе «Судебный кабинет».

Так, внедрение модернизированной информационной системы «Төрелік», которая предназначена для оптимизации и автоматизации судопроизводства, привел к упрощению судопроизводства и формирования статистических и аналитических данных, снижению бюрократических барьеров и волокит. Кроме того, одной из основных плюсов внедрения информационной системы «Төрелік» – является оперативное получение участниками судопроизводства информации о движении дела, ознакомление с вынесенными решениями, постановлениями, определениями суда и иной интересующей их информации.

Целью оснащенности залов судебных заседаний системами аудиовидеофиксации во всех регионах страны, а также ведения аудиовидеозаписей судебных процессов является повышение общественного контроля гражданского общества за законностью отправления правосудия, беспристрастностью судей. Это в свою очередь позволит повысить степень доверия общества к национальной судебной системе. Преимущества системы аудио-, видеофиксация судебных процессов очевидны. Во-первых, аудио-, видеофиксация (далее - АВФ) судебных процессов в реальном времени дисциплинирует всех участников

Практика показывает, что в последнее время получение достоверной, объективной информации о работе судов и о делах, ставших предметом судебного разбирательства, не является острой проблемой для участников процесса, других заинтересованных лиц, всех желающих. Поскольку, внедрение в деятельность судов элементов электронного правосудия способствовал не только доступности и прозрачности, но и значительно облегчил доступ граждан к судопроизводству и позволил обеспечить высокий уровень информированности широкой общественности о возможностях судопроизводства в судах.

Данияр МОЛДАХМЕТОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского СМАС.

ЗАКОН

ПРАВОСУДИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ТОЛЬКО СУДОМ, А ПРОЯВЛЕНИЕ НЕУВАЖЕНИЯ К СУДУ ИЛИ СУДЬЕ ВЛЕЧЕТ УСТАНОВЛЕННУЮ ЗАКОНОМ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ.

ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА НЕУВАЖЕНИЕ К СУДУ

Так, за проявление неуважения к суду или судье предусмотрена ответственность в законе "О судебной системе и статусе судей". Согласно ч. 1 ст. 653 Кодекса об административных правонарушениях РК неуважение к суду выражается: в неявке в суд без уважительных причин участников процесса и иных лиц по повестке, извещению, уведомлению или вызову в случаях, когда дальнейшее рассмотрение дела в их отсутствие представляется суду невозможным; в неподчинении распоряжениям председательствующего в судебном заседании; в нарушении установленных в суде правил; в иных действиях (бездействиях), явно свидетельствующих о неуважении к суду или судье. За проявление неуважения к суду, выразившееся в оскорблении судьи или присяжного заседателя, предусмотрена уголовная ответственность по ч. 2 ст. 410 УК РК.

Также предусмотрено ответственность участников производства по делу об административном правонарушении при отказе или неявки участника производства в орган (к должностному лицу), рассматривающий дело об административном правонарушении, без уважительной причины, обусловившие отложение разбирательства по делу влекут денежный штраф.

В уголовном судопроизводстве за проявление неуважения к суду регламентировано статьей 346 УПК в соответствии, с которой при нарушении порядка в судебном заседании, неподчинении распоряжениям председательствующего, а равно совершении иных действий (бездействия), явно свидетельствующих о неуважении к суду, председательствующий вправе удалить лицо из зала судебного заседания или объявить об установлении факта неуважения к суду в случаях, не содержащих признаки уголовного правонарушения, и наложить на виновное лицо денежное взыскание. Удаление может быть произведено в отношении любого участника процесса или иного лица, кроме обвинителя и защитника. Денежное взыскание не может быть наложено на подсудимого и его адвоката, участвующего в качестве защитника.

119 Гражданского процессуального Кодекса РК за проявление неуважения к суду виновные в этом лице привлекаются к административной ответственности в порядке предусмотренном КоАП РК с особенностями установленной вышеуказанной главой. Об установлении факта проявления неуважения к суду в судебном заседании судьей (составом суда), ведущим процесс непосредственно в судебном заседании, где это нарушение было установлено, объявляется правонарушителю немедленно в судебном заседании без удаления суда в совещательную комнату. Данный факт фиксируется в протоколе судебного заседания. При этом протокол об административном правонарушении не составляется.

Алия ТУМАНШИНОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

БРАКОНЕРЬСТВО

СВЫШЕ 800 РОГОВ САЙГИ НАШЛИ В САЛОНЕ АВТО

СВЫШЕ 800 РОГОВ САЙГИ НАШЛИ В САЛОНЕ АВТОМОБИЛЯ В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ, СООБЩАЕТ ОФИЦИАЛЬНЫЙ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРС МИНИСТЕРСТВА ВНУТРЕННИХ ДЕЛ.

«В начале февраля сотрудники отдела полиции Жанааркинского района Карагандинской области проводили оперативные мероприятия по выявлению и пресечению преступлений в сфере торговли дериватами животных, занесенных в Красную книгу. Они получили информацию об устойчивой группе браконьеров, занимающейся добычей и реализацией рогов сайги. 5 февраля в поселке Жанаарка в ходе оперативного мероприятия была остановлена автомашина под управлением 29-летнего жителя района. Во время осмотра салона данного транспортного средства обнаружено и изъято 844 штуки рогов сайги», — сообщил

начальник департамента полиции (ДП) Карагандинской области Ерлан Файзуллин.

По его словам, водитель водворен в изолятор временного задержания.

«В настоящее время задержаны двое его соучастников», — уточнил Файзуллин.

Начато досудебное расследование по статье 339−1 (незаконные добывание, уничтожение сайгака, а равно приобретение, хранение, сбыт, ввоз, вывоз, пересылка, перевозка незаконно добытого сайгака или его дериватов, в том числе рогов) УК РК.

«В апреле прошлого года карагандинские полицейские в этом же районе задержали устойчивую группу браконьеров, у которых изъяли 274 штуки рогов сайги. Решением суда один из них приговорен к 4,5 годам лишения свободы, трое — к 3,5 годам ограничения свободы», — добавили полицейские.

ПРОИСШЕСТВИЕ

ДЕВОЧКА ВЫПАЛА ИЗ ОКНА 22-ГО ЭТАЖА

Появились подробности падения школьницы из окна 22-го этажа в Москве. Девочка была в состоянии алкогольного опьянения.

Школьница, выпавшая из окна 22-го этажа в Москве, была в состоянии алкогольного опьянения. Такие подробности инцидента приводит РЕН ТВ в своем телеграм-канале.

По данным канала, 14-летняя девочка выжила.

В момент происшествия она была на вечеринке. В ее организме также нашли следы алкоголя.

У пострадавшей диагностировали сотрясение мозга. Помимо этого, медики зафиксировали черепно-мозговую травму, повреждения на животе и многочисленные ссадины.

Об инциденте стало известно в воскресенье, 30 января. По данным собеседника «Пятого канала», девочка пыталась перелезть через балкон. Ее придерживала одноклассница, которой не хватило сил.

Начата проверка обстоятельств произошедшего, подросток находится под наблюдением врачей.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЕЙЖІҢ – 2022

МЕДАЛЬ СЫҢҒЫРЫ ЕСТІЛЕР ЕМЕС

Бейжіңде алауы тұтанған XXIV Қысқы Олимпия ойындарының кезекті жарыс күні өз мәресіне жетті. Дүйсенбі күнгі бәсекелерде спортшылар жеті жүлде жиынтығын сарапқа салса, қазақстандық саңлақтар үш спорт түрінен сынға түсті. Атап айтқанда, жерлестеріміздің шаңғы қоссайысында Шыңғыс Ракпаров, конькимен жүгіруден Екатерина Айдова, Надежда Морозова (1500 метр) және биатлоннан Галина Вишневская өнер көрсетті.

Қазақстандық жанкүйерлер фристайлшы Юлия Галышеваның жарыс жолына шығуын тағатсыздана күтіп, конькимен жүгіруші Надежда Морозованың да жолына сондай үлкен үмітпен қарады. Себебі отандасымыз бірер күн бұрын 3000 метр қашықтықта 30 спортшының ішінде 13-орынға тұрақтап, бәсекеден кейін БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында бар күшін 1500 метр қашықтықтағы жарысқа салатынын және міндетті түрде бір жүлде болатынын айтқан. *«Бұдан да жақсы, бұдан да жылдам нәтиже көрсеткім келеді. Енді бар күшімді 1500 метр қашықтықтағы жарысқа саламын. Бейжіңдегі мұз айдыны біз үшін ыңғайлы. Қазақстанға медаль әкелетініме 100 пайыз сенімдімін»,* – деді Надежда Морозова жарыстан кейін.

Надежданың бұлай сенімді сөйлеуіне де негіз бар еді. Өйткені 1500 метр – оның оң жамбасына келетін қашықтық. Мәселен, ол былтыр қараша айында Әлем кубогі жарысының Польшадағы кезеңінде 1500 метрді 01:56.92 уақытта бағындырып, үздік үштіктің қатарынан көрінді. Бірінші және екінші орын алған жапониялық Михо Такаги мен Ақш өкілі Боуи Бриттани бұл қашықтықты 01:56.00 және 01:56.60 уақыт көрсеткішімен басып өткен болатын.

Морозова кешегі бәсекеде жоғарыдағы нәтижесін сәл жақсартқанымен, үздік үштік былай тұрсын, ТОП-10 спортшының қатарынан да көріне алмады. Бейжіңдегі «Ұлттық конькимен жүгіру» спорт кешенінде өткен жарыста Н. Морозова 01:56.85 уақыт көрсеткішімен 14-орынға тұрақтады. Ал, ту ұстаушы Екатерина Айдова бұл қашықтықты 1:59.01 уақытта жүріп өтіп, жарысты 18-орынмен аяқтады.

1500 метр қашықтыққа жарысуда Олимпиада рекордын жаңартқан Нидерланд өкілі Ирен Вюст топ жарды. Оның уақыт көрсеткіші – 1:53.28. Бұл – оның Олимпия ойындарындағы алтыншы алтын медалі. Ал 1500 метрдегі үшінші бас жүлдесі. Күміс жүлдені жапониялық Миха Такаги (1:53.72) иеленсе, үздік үштікті тағы бір Нидерланд спортшысы Антуанетте де Йонг (1:54.82) түйіндеді.

Биатлоншылардың жекелей бәсекесінде ел намысын қорғаған Галина Вишневская-Шепоренко үздіктер қатарынан көріне алмады. Жерлесіміз 15 шақырымдық жарыстың төрт оқ ату сәтінде бір ғана қателік жіберсе де, жалпы есепте небәрі 44-орыннан көрінді. Бір айта кетерлігі, Галина Вишневская биылғы биатлон маусымында нысана көздеуден тәуір нәтиже көрсетіп келеді. Алайда оның жылдамдығы өзге спортшылардан кемшін түсіп жатыр. Егер алдағы уақытта жылдамдығын арттыруға жұмыс істесе, Әлем кубогі жарыстарында жоғары орындардан көрінуі әбден мүмкін.

Галина жекелей жарыстың жеңімпазы, Сочи Олимпиадасының эстафетадағы чемпионы германиялық Дениз Херрманнан 5 минут 04 секунд қалып қойды. Херрман да оқ ату сәтінде бір мәрте қателесті. Франциялық Анаис Шевалье-Буше күміспен күптелсе, норвегиялық Марте Олсбю-Ройселанн қола жүлдегер атанды.

Шаңғы қоссайысынан екінші ресми жаттығуының үшінші кезеңіне қатысқан Шыңғыс Ракпаров 87,5 метрге секіріп, нәтижесін біршама жақсартып алды. Мұның алдындағы жаттығуларда ол 68 және 87 метрге секірген еді. Бір айта кетерлігі, Шыңғыс Ракпаров Қазақстан құрамасы үшін шаңғы қоссайысынан тарихи жолдаманы жеңіп алған болатын. Бұған дейінгі Олимпия ойындарында бірде-бір отандасымыз бұл спорт түрінен сынға түспеген еді.

Сонымен қатар бесінші жарыс күнінде шаңғыдан Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамасы іріктеу сайыстарына қатысып, алғашқы 30 спортшының қатарына іліге алмай, жанкүйерлер алдында ұятты болды. Ерлер арасындағы жарысты Евгений Величко 62-ші, Виталий Пухкало 66-шы орынмен аяқтады.

Әйелдер бәсекесінде қазақстандықтар сапынан ең жоғары нәтижені Надежда Степашкина тіркеді. Ол жарысты 51-ші болып аяқтады. Ал Ангелина Шурыга – 60, Ксения Шалыгина – 67 және Ирина Быкова 68-ші сатыға тұрақтады. Жарыс ережесі бойынша бәсекенің ширек финалына мәрені алғаш болып кескен 30 спортшы жолдама алады.

Ерлер арасындағы биатлоннан 20 шақырымдық жекелей жарыста да жерлестеріміз үздік нәтижесімен көзге түсе алмады. 29 жастағы Владислав Киреев төрт оқ ату айлағында бірде-бір қателікке бой алдырмаса да, жылдамдығының нашарлығына байланысты мәре сызығын 25-ші болып кесті. Ол жарыс жеңімпазы франциялық Фийон Майеден 3 минут 41 секундқа қалып қойды. Ал Александр Мухин оқ ату сәтінде төрт рет қателесіп, мәреге 52-ші болып жетті.

Бұл жарыста франциялық Фийон Майенің бағы жанды. Ол 20 шақырымды 48:47 уақытта бағындырып, Олимпиада чемпионы атанды. Беларусь өкілі Антон Смольский екінші орынға табан тіреді. Үшінші сатыға екі дүркін Олимпиада чемпионы норвегиялық Йоханнес Тиннес Бе жайғасты.

ТХЭКВОНДО

ОТАНДАСЫМЫЗ ОЛЖАҒА КЕНЕЛУДЕ

Бұл күндері төрткүл дүние жанкүйерлері Бейжіңде өтіп жатқан қысқы Олимпия ойындарын тапжылмай тамашалап отырғанда әлемнің басқа да қалаларында жазғы спорт түрлерінен дүбірлі додалар өтуде. Сол жарыстардың кейбірінде Қазақстанның да спортшылары табысты өнер көрсетуде.

Күні кеше ғана Біріккен Араб Әмірліктерінің (БАӘ) Фуджейро қаласында тхэквондодан Fujairah Open турнирі аяқталды. Рейтингтік турнирде жерлестеріміз біраз олжаға кенелді. Әсіресе біз 54 кило салмақтағы Саят Төреқұлдың теңдессіз өнеріне тамсандық. Қарсы келгендердің барлығын қоғадай жапырған қандасымыз бас жүлдені қанжығасына байлады. Жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілуге Дүйсенбек Әзірет, Нұрлан Мырзабаев және Наргиза Қойшыбектің де тамаша мүмкіндіктері болды. Шешуші сынға дейін алқынбай жеткен қазақ спортшылары соңғы тұста ұтылып, күміс медальды қанағат тұтты. Ал Смайыл Дүйсебай мен Нұрбек Жамшаев қола жүлдені еншіледі. Осылайша, 1 алтын, 3 күміс, 2 қоланы олжалаған Қазақстан құрамасы БАӘ-дегі турнирде үздік командалардың қатарынан көрінді.

Францияның Салон-де-Прованс қаласында марафоншылардың сайысы өз мәресіне жетті. 10 шақырымдық қашықтықта Жанна Мамажанова шашасына шаң жұқтырмай, мәре сызығын бірінші болып қиып өтті. Оның көрсеткіші – 33 минут 56 секунд. Бұл – қазақ қызының биылғы маусымдағы екінші бас жүлдесі. Қаңтар айының соңында Жанна аталған мемлекеттің Ле Люк қаласында өткен шағын марафонда да алдына жан салмай, алтыннан алқа таққан болатын.

Бұл күндері Украинаның астанасы – Киевте семсерлесуден Әлем кубогының кезеңдік сайысы өтіп жатыр. Аталған жарыста қазақстандық София Николайчук қола медальды мойнына ілді. Жерлесіміз тек Ресейдің қос өкілі – Яна Бекмурзова мен Анастасия Назаровдан ғана қалып қойды.

ФУТБОЛ

Футзалдан Нидерландта өткен Еуропа чемпионатында Қазақстан құрамасы ширек финалдан аса алмағанына қарамастан, УЕФА рейтингіндегі өз орнын сақтап қалды.

ҚАЗАҚСТАН ТӨРТІНШІ ОРЫНДА



Бұл күндері 2367, 187 ұпайды еншілеп отырған жерлестеріміз қарт құрлықтың ең үздік командалар тізімінде төртінші орынға нық тұрақтады. Сөз жоқ, бұл – өте жақсы-ақ көрсеткіш. Осы жолы бағымыз жанбағанымен, алдағы жарыстарда біздің жігіттер шеберліктің шынайы үлгісін көрсетіп, мықтылар санатынан көрінеді деп үміттенеміз. Ал көш басына Португалия құрамасы көтерілді. Әрине, оған еш таңдануға болмайды. Атап айтсақ, былтыр әлем чемпионы атанды. Соңғы екі Еуропа чемпионатында Пиреней түбегі түлектеріне тең келер команда табылмады. Португалиялықтардың еншісінде 2693,758 ұпай бар. Екінші орында – Ресей. Олар құрлықтың соңғы бес біріншілігінде жүлдегерлер қатарынан көрініп, төрт рет финалда ойнады. Үшінші орынға 2488,909 ұпайға иелік еткен Испания футзалшылары жайғасты. Әлемнің екі және Еуропаның жеті дүркін чемпионы деген атағы бар даңқты команда Нидерландтағы жарыста қола медальды қанағат тұтты.

ТЕННИС

АЛҒАШҚЫ ЖҮЗДІКТЕ – ҮШ ЖЕРЛЕСІМІЗ

Теннисшілердің әлемдік рейтингі қайта жаңартылды. Қазіргі кезде «ТОП-100» ойыншының қатарында Қазақстанның үш өкілі бар.

Отандастарымыздың арасында ең үздік көрсеткіш Елена Рыбакинаға тиесілі. Соңғы кездері өрелі өнерімен көзге түсіп жүрген ол бұл күндері WTA тізімінде 12-орынды иеленуде. Рыбакинаға дейін Қазақстанның бірде-бір теннисшісі дәл осындай биікке көтерілген жоқ еді. Юлия Путинцева 41-орынды еншілесе, Зарина Диас 117-сатыға тұрақтады. Әйелдер арасында әлі де Австралияның аруы Эшли Барти алдына жан салар емес. Екінші орында – белоруссиялық Арина Соболенко. Чехияның қос жұлдызы – Барбора Крейчикова мен Каролина Плишкова үшінші және төртінші орындарды өзара бөлісті. Үздік бестікті испаниялық Паула Бадоса түйіндеп тұр.

Монпельедегі жарыстағы жеңісінен кейін Александр Бублик төрт сатыға жоғарылап, қазіргі кезде 31-орынды иеленуде. Бұл – қазақстандық ойыншылар арасындағы ең үздік нәтиже. Өкінішке қарай, өзге жерлестеріміздің көрсеткішіне көңіл толмайды. Еліміздің екінші ракеткасы Михаил Кукушкин небәрі 165-орында қанағат тұтуда.

ТУНИСТЕН ТАБЫСТЫ ОРАЛДЫ

Тунистің Радес қаласында үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы WTT санатына жататын халықаралық турнир өтті.

Осы жарыста қазақстандық Алан Құрманғалиев те өнер көрсетті. 15 жастағы жерлесіміз бұған дейін де бірқатар халықаралық турнирде жүлде алып, ересектер арасында ел чемпионы атанғанын жақсы біледі. Бұл жолы ол словакиялық Павол Кокавец (Словакия), тунистік Чади Хсайри, норвегиялық Хай Лам, португалиялық Тиаго Абиодун және чехиялық Яндриш Моравик сынды шеберлерді ұтып, ақтық сында Словакияның сайыпқыраны Самуэль Арпасқа есе жіберді. Нәтижесінде, қандасымыз күміс медальды мойнына ілді.

Сондай-ақ Алан Құрманғалиев жергілікті үстел теннисшісі Айдли Юсеффпен жұптық сайыста да табысты өнер көрсетіп, қола медальды қоржынына салды.

Egemen.kz сайтынынан алынды.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕРГЕ ҚАНАТ ҚАҚҚАНДАР

ҰСТАЗ БАҚЫТЫ – ШЫҢДАҒАН ШӘКІРТІ

«МЕЙІРІМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ ҰСТАЗДАРЫНЫҢ ҚАЙСЫ БІРІН АЛСАҢЫЗ ДА МАҚТАУҒА ТҰРАРЛЫҚ. БІЛГЕНІН АЯНБАЙ ҮЙРЕТІП ЖҮРГЕН БҰЛ ЖАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН-АҚ. СОНДАЙ АРДАҚТЫ ҰСТАЗДЫҢ БІРІ – ЖӘРДЕМГҮЛ КАБЕНҚЫЗЫ.

Ол Монғолиядағы орта мектепті бітірген соң Баян-Өлгий аймағындағы педагогикалық колледжінің бастауыш сынып мұғалімі мамандығын оқып, кейін аймақтық әлеуметтік-инновациялық жоғарғы оқу орнын тәмамдайды. 2006 жылдан бастап Талдықорған қаласы Мойнақ ауылындағы №23 орта мектебінде ұстаздық жолын бастады. Оның шәкірт тәрбиелеп, қызмет атқарып келе жатқанына 17 жылдың жүзі болыпты.

Жақсы ұстаз шәкіртіне білім нәрін ғана сеппейді. Сонымен қатар шығармашыл, талапты болуына да жан-жақты жол сілтейді. Бүгінде Жәрдемгүл апай «Мейірім» шығармашылық орталығында шешендік өнер үйірмесінің жетекшісі. Өз тәжірибесінде әр баланың пікірін тыңдайтын ұстаз оқытуды барынша сапалы өткізу үшін тиімді тәсілдерді қолданатынын айтты.

– *Сабақтарымды оқушыларға қызықты әрі жеңіл өткізуге тырысамын. Көбіне әріптестерімнен кіріктірілген сабақтарды өткізу арқылы өзара тәжірибе алмасып отырамын. Оның ішінде дебат, монолог әдісі, пайымдау, джигсо әдісі, қарқын тәсілі, дұрыс және бұрыс тұжырымдар секілді түрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Бұл әдістер – шешендік өнерді үйретуде үлкен рөл атқарады. Менің ойымша, мұғалім оқушыны шығармашылық жұмыстарға үйрете білу керек. Ол арқылы баланың ой-өрісі өсіп, ойлау қабілеті жақсарады әрі сабақты қабылдау да оңайға соғады. Оқушыларға теориялық тілмен түсіндіргеннен қарағанда, осындай жеңіл әдістермен үйреткен әлдеқайда тиімдірек»* – деген Жәрдемгүл Кәбенқызы: *«Қазіргі таңда балалардың ішінде сөзге шорқақтары өте көп. Оның үлкен себебі кітап оқуға қызығушылықтың болмауы. Уақыттарының тең жартысын ғаламтор желісіне, өзіне қажетсіз ақпараттарға арнайды. Айналасындағы адамдармен жеткіліксіз деңгейде тілдесуі, ата-ана тарапынан аз көңіл бөлінуі. Мұның барлығы үлкен кедергілерді тудыруда»* деп шешендік өнерді меңгерудегі қиындықтар туралы да айтты.

Шешендік өнерді меңгеруге «Мейірім» шығармашылық орталығы балаларға үлкен мүмкіндік беруде. Бүгінде аталған мекемеге «Шешендік өнер» үйірмесіне қызығушылық танытқандардың қарасы көп. Аптасына небәрі екі рет болса да үйірмеге оқушылар бар ынтажігерін салып, сағат санап асығады. Ол да жақсы ұстаздың төккен тері. Ата-ана үміті – баласының өз ана тілінде таза сөйлеп, тілі бұрмаланбай, сауатты сөз саптауын қолдануын қалайды. Ал, сондай жоғары деңгейдегі сабақтарды көпке үлгі болған, білікті де білімді ұстаздар береді. Қазір оқушыларға арналған ауыз әдебиеті үлгілері, оқу-әдебиеттердің қарасы да көбеюде. Қарөлең жаттап, аңыз-әпсаналарды тыңдап, түрлі әңгімелер оқу баланың дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді. Сол себептен болар сабақ барысында балалардың кейбірі қолына қалам алып, өлең жазып, «мен ақын боламын, мен жазушы, журналист боламын» деп алдарына арман-мақсат қояды екен.



Ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер. Ал, өнерлі болу кез келген адамға бұйыра бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбек ұштастырылуы шарт. Біздің кейіпкер Жәрдемгүл Кабенқызының да тұла бойынан осы қасиеттердің лебі есіп тұрғанын әріптестері мен шәкірттері жоққа шығармайды. Тәжірибелі ұстаз бүгінде мектеп мұғалімдері мен «Мейірім» орталығын жаппай шығармашылық тұрғыда шыңдауда.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ ӨНІМДЕР

Күндіз уақыттың қысқа болуы мен сырттағы температураның нөлден төмен екені – қыста жылы мезгілге қарағанда энергияның аздығының себебі. Көптеген адам дене күшін сақтау үшін тәттілер түріндегі «жеңіл антидепрессанттарды», сондай-ақ ет өнімдерін қажет етеді. Бірақ мұндай мәзір пайдалы емес. Қысқы мезгілде ағзаға қалай көмектесуге болады?

Ақ қант зиян, бірақ бізге тәтті дәм керек. Оны жеміс-жидек, жарма, қара шоколад, бал, сүт өнімдерін жеу арқылы алуға болады. Олар сондай-ақ энергияны теңестіруге және тіпті белгілі бір мағынада ашық қызғылт сары және сары жемістер мен көкөністерді пәсуіне көмектеседі. Осы себепті, суық мезгілде сондай өнімдерді таңдаңыз.

Цитрус жемістері, құрма, сәбіз, асқабақ, тәтті картоп, сары бұрыш, апельсин жемістерінде бета-каротин фитонутриенті, пектин, антиоксиданттар және С дәрумені бар. Бұл композицияның арқасында олар көз саулығын жақсы сақтауға, құрғақтық мәселесін болдырмауға көмектеседі. Тері, және жүрек пен иммундық жүйенің жұмысын қолдауға көмектеседі, ас қорыту жолдарының және бауырдың жұмысын жақсарту, лимфа жүйесін белсендіруді жүзеге асырады. Қызғылт сары түс көңіл-күй мен тәбетті жақсартады, үйлесімділікті табуға көмектеседі.

Бұл көкөністердің, жемістердің және жидектердің үйлесімділікке, қуат пен денсаулыққа пайдалы қасиеттері туралы толығырақ айта кетейік.

Асқабақ

Бірегей өнім, онда бәрі пайдалы: целлюлоза, тұқым, май, шырын. Пісірілген асқабақ – тәтті және крахмалды қант диабетімен ауыратындар үшін жарамсыз, бірақ сау адам үшін көмірсулардың жақсы көзі (оны түскі асқа жеуге немесе кондитерлік өнімдерге қосуға болады). Құрамында бета-каротин – ағзада А дәруменіне айналатын антивитаминнің арқасында асқабақ шаш пен терінің күйіне мән беретіндер үшін өте тиімді. Бета-каротин термиялық өңдеуден кейін жақсы сіңеді.

Асқабақты пісіруге болады, оны коктейльге немесе картоп пюресіне қосуға болады. Ең бастысы, мырыш пен Е дәрумені А дәруменін ассимиляциялау үшін қажет екенін ұмытпау керек. Ол үшін смузиге күнжіт немесе басқа тұқымдар, жаңғақтар, тазартылмаған зәйтүн майының қасық қосыңыз.

Жаңа піскен асқабақ кез келген өніммен біріктіріліп, барлық тағамдармен тамаша үйлеседі. Термиялық өңделген асқабақ -крахмалды өнім, күрделі көмірсу. Сіз оны тәтті және қышқыл жемістермен, дәмдеуіштермен араластыра аласыз. Сондай-ақ, қызыл еттен басқа, жануар ақуызына арналған гарнир ретінде қолданылады. Асқабақты аз мөлшерде жармаға қосуға болады, оларды аль-денте пісірген дұрыс, яғни жартылай пісірілген күйде қалдырыңыз.

Асқазан-ішек жолдары, қышқылдық ауытқулар, гастрит, жаралар, метеоризм проблемалары үшін жаңа асқабақты алып тастаңыз. Пісірілген күйінде қант диабеті, ұйқы безінің бұзылуына қолдануға болмайды.

Банан

Банан – нағыз антидепрессант, өйткені оның құрамында триптофан амин қышқылы бар, одан бақыт гормоны серотонин түзіледі. Банандардың жүйке күйзелісі мен депрессия сияқты аурулардың көріністерін азайтуда жақсы екені байқалды. Сондай-ақ, банандарда калий және В дәрумендері (В6) бар. Калий банандарды ас қорыту проблемалары бар адамдар үшін қолайлы етеді. Сонымен қатар, ол қанның ұюы, су және қышқыл-негіз балансын сақтау және гликоген өндіру үшін қажет. Және бұл бананның пайдалы қасиеттерінің толық тізімі емес.

Банан тәтті өнім, сондықтан көп қолданбау керек. Дені сау адам үшін аптасына екі-үш дана жеткілікті, оны 17:00-ге дейін жеген дұрыс.

Банан жаңғақтар, тұқымдар, авокадо, жидектер, тәтті және қышқыл жемістермен жақсы үйлеседі. Қолдануға қарсы көрсеткіштер - қант диабеті, ісіну, қанның тұтқырлығының жоғарылауы (қою қан деп аталады). Менопауза кезінде эндометриоз, артериялық гипертензия және подагра кезінде банандарды тұтынуды азайту ұсынылады.

Құрма

Антиоксиданттарға бай келетін құрма жүрек-тамыр жүйесіне пайдалы, темірді арттыру, анемияны емдеу үшін кешенді тамақтануда тиімді. Банан сияқты ол жаңғақтар, тұқымдар, авокадо, жидектер және тәтті және қышқыл жемістермен біріктірілген. Құрманың піскен, тұтқыр емес болуы маңызды - әйтпесе ол таниннің көп мөлшеріне байланысты ас қорыту жүйесіне зиянды болады. Тіпті толық піскен құрманы кейбір ішек аурулары, іш қату, ойық жара, панкреатит, қант диабеті кезінде жеуге болмайды.

Шырғанақ

Шырғанақ жидектері С дәруменінің ең жақсы көздерінің бірі, антиоксидант және антидепрессант (бананнан айырмашылығы, теңіз шырғанағы қанның тұтқырлығын арттыруға арналған, өйткені ол оны жұқартады). Жүрек-тамыр және жүйке жүйесінің, бауырдың денсаулығын қолдайды. Құрамында мазасыздықты тыныштандыратын және азайтатын заттар мен микроэлементтер кешені бар. Қыста теңіз шырғанағын мұздатылған күйде сатып алуға, шайға, десертке қосуға, балмен араластыруға болады.

massaget.kz сайтынан алынды.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 140
Индекс 15534